

## Маңғыстау облысының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы туралы

Маңғыстау облыстық мәслихаттың 2003 жылғы 10 желтоқсандағы N 2/21 шешімі. Маңғыстау облыстық Әділет басқармасында 2004 жылғы 5 қаңтарда N 1580 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат **шешім етті:**

1. Маңғыстау облысының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Осы шешім жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Т ө р а ғ а л ы қ е т у ш і ,*

*облыстық мәслихаттың хатшысы*

Маңғыстау облыстық мәслихаттың  
2003 жылғы 10 желтоқсандағы N 2/21  
шешіміне қосымша

## Маңғыстау облысының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы

### Мазмұны

#### Беті

	Паспорт	3
	Кіріспе	4
1	Ауыл аумақтарын дамытудың Аймақтық бағдарламасының тұжырымдамалық негіздері, мақсаты, міндеттері мен іске асыру мерзімі	5
1.1.	Тұжырымдамалық негіздері	5
1.2.	Мақсаты мен міндеттері	5
1.3.	Іске асыру мерзімі	6
2.	Ауыл аумақтарының жағдайына талдау жасау	7
2.1	Экономиканың дамуы мен ауыл тұрғындары табысының деңгейі	7
2.2.	Инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі	13
2.3.	Әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі	16
2.4.	Экология жағдайы	21
2.5.	Ауыл тұрғындарының демографиясы және көші-қоны	24
3.	Ауылдық аумақтары әлеуметтік - экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу, бағалау әдісі мен өлшемі	27

4.	Ауыл аумақтарының дамуын мемлекеттік реттеу шаралары	27
4.1.	Ауыл аумақтарын дамытуға бағытталған бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігі	27
4.2.	Ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуі мен экономикалық қызмет саласының кеңеюі, көлемі мен қаржыландыру көздері	28
4.3.	Инженерлік инфрақұрылымының дамуы, көлемі мен қаржыландыру көздері	30
4.3.1.	Сумен қамту	30
4.3.2.	Электрлендіру	31
4.3.3.	Ауыл жолдары	31
4.3.4.	Байланыс, телефондандыру	31
4.3.5.	Газдандыру	32
4.4.	Әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы	32
4.4.1.	Білім беру	32
4.4.2.	Денсаулық сақтау	33
4.4.3.	Мәдениет	34
4.4.4.	Тұрғын үй	35
4.4.5.	Туризм және спорт	35
4.5.	Ауыл аумақтарының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету	35
5.	Ауыл тұрғындарының көші-қон ағынын басқару	36
6.	Заңнамалық қамтамасыз ету	37
7.	Қаржылай қамтамасыз ету	37
8.	Күтілетін нәтижелер	38

### **Бағдарлама паспорты**

**Атауы** Маңғыстау облысының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы

**Бағдарламаны әзірлеу үшін негіз** Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы"»2003 жылғы 20 тамыздағы N 838 қаулысы ;

**Жасақтаушы** Облыстық экономика, өнеркәсіп және сауда басқармасы

**Бағдарлама мақсаты** Ауылда өмір сүру жағдайын теңестіру

**Бағдарлама міндеттері** Ауыл аумақтарындағы тұрғындардың экономикалық қызметінің дамуын және табысының өсуін ынталандыру үшін бірінші кезектегі шараларды жасақтау және іске асыру, ауылдық елді мекендерде қалыптасқан ахуал мен

жіктелуді талдау негізінде әлеуметтік объектілер мен инженерлік инфрақұрылым құрылыстарын әлеуметтік-экономикалық даму келешегіне қарай инвестрлендіру және қалпына келтіру

**Қаржыландыру көздері** Республикалық және жергілікті бюджеттер, кәсіпорындардың өз қаражаттары, несие ресурстары

**Іске асыру мерзімі** Бағдарламаны іске асыру 2004 жылдан 2010 жылға дейінгі кезеңге көзделген

**Күтілетін нәтижелер** Ауыл тұрғындарына әлеуметтік игілік деңгейін қамтамасыз ететін АЕМ экономикасының динамикалық өсуіне жету, ауылда өмір сүру сапасын арттыру

### **Кіріспе**

Аймақтағы экономикалық өсудің қалыпты қарқыны қала мен ауыл халқының өмір сүру жағдайында сәйкессіздікті күшейтеді. Ауыз суының өте тапшы болуына, ерекше табиғи климаттық жағдайға байланысты ауыл шаруашылығы дамуының шектеулі мүмкіндіктері тұтас алғанда ауыл аумақтарының экономикалық дамуына қиындық келтіріп отыр.

2002 жылы облыста 2003-2005 жылдарға арналған мал шаруашылығында негізделген ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуын қарастырған агроазықтүлік бағдарламасы жасакталды.

Бұл бағдарламаны жасақтау өндірістік сектормен қатар әлеуметтік салада кіретін және ауыл тұрғындары табысының ойдағыдай деңгейіне қол жеткізілуін қамтамасыз ететін ауыл аумақтарының тиімді дамуы үшін шаралар қабылдау қажеттігінен туды.

**1. Ауыл аумақтарын дамытудың аймақтық бағдарламасын іске асырудың тұжырымдамалық негіздері, мақсаты, міндеттері мен кезеңдері**

#### **1.1 Тұжырымдамалық негіздері**

Ауыл шаруашылығы тек өндіріс сала ғана емес, сонымен қатар облыс халқының едәуір бөлігінің өмір сүру саласы болып табылады. Статистика мәліметтері бойынша ауыл шаруашылық аймақта тұрғындардың жалпы саны облыс тұрғындарының 23,2% құрайды.

Кеңес Одағының ыдырауы, кеңшарлардың таратылуы, өз кезегінде, ауыл шаруашылығының дамуы үшін қолайсыз, қаржылай дәрменсіз, өз қызметтерін толық жүзеге асыруға мүмкіндігі жоқ көптеген фермерлік шаруашылықтардың, шағын ауыл шаруашылығы құрылымдарының ұйымдасуына әкелді.

Қолданылған технологиялардың деңгейінің төмендігі, машина-трактор парктерінің жетіспеуі, негізгі құралдардың айтарлықтай тозуы агросекторда әлеуетті табыстың қысқаруына әсер етті.

Мал шаруашылығын өндірісінің шағындағы, өсімдік шаруашылығының дамымауы, қайта өңдеу өндірісін ұйымдастырудағы мүмкіндіктердің шектеулі болды, ауылда жұмыспен қамту проблемаларын туындатады, бұл өз кезегінде кедей тұрғындар

с а н ы н ы ң

ө с у і н е

ә к е л е д і .

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында ауылдық аймақтарды қолдауға, адамдардың өмір сүру көзқарасы және нарықтық қатынастың дамуына бағытталған мемлекеттік бағдарламаның келешекте қажеттігі өткір көрсетілген, осыған байланысты ауыл аумақтарын дамытудың аймақтық қолдаудың тұжырымдамалық негізі оның ауыл экономикасының даму келешегімен шарттылығы болып табылады. Жасақталған бағдарламаның объектісі болып тұрғындардың басым бөлігі ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған ауылдық елді мекендер (АЕМ) анықталды.

Бағдарламада арасында экономикалық әлеуетті бағалау басым болып табылатын әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін сипаттайтын өлшеу тобы бойынша ауылдық елді мекендердің жіктелуін өткізу қарастырылуда (1-2 қосымшалар). Мемлекеттік қолдау шаралары алдымен, тұрғындар табысының қажетті деңгейін қамтамасыз ететін жеткілікті экономикалық әлеуетті келешегі бар ауылдық елді мекендерде тіршілікті қамтамасыз ету инфрақұрылымдарын дамытуға бағытталатын болады.

## **1.2. Мақсаты мен міндеттері**

Ауыл аумақтарын дамытудың мемлекеттік бағдарламасының мақсаты ауылда орналасуды оңтайландыру негізінде ауылдың тіршілігін қамтамасыз етуге қалыпты жағдайлар туғызу болып табылады.

Бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу к ө з д е л е д і :

1. Ауылдық елді мекендерді (бұдан әрі - АЕМ) паспорттау негізінде әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша қазіргі ахуалға т а л д а у ж а с а у .

2. АЕМ жіктеу және әлеуметтік-экономикалық келешегінің өлшемі бойынша м о н и т о р и н г ө т к і з у .

3. Әлеуметтік объектілер мен инженерлік инфрақұрылым құрылыстарын, жөндеу мен қайта жаңартуды инвестрлендіру бойынша бірінші кезектегі шараларды жасақтау.

4. Келешегі бар ауыл аумақтары тұрғындарының экономикалық қызметінің дамуы мен табысының өсуін ынталандыру шараларын жасақтау және іске асыру.

## **1.3. Іске асыру мерзімі**

Бағдарлама екі кезеңде іске асырылатын болады:

Бірінші кезең - 2004-2006 жылдары

Екінші кезең - 2007-2010 жылдары.

## **2. Ауыл аумақтарының жағдайына талдау жасау**

### **2.1. Экономиканың дамуы мен Ауыл тұрғындары табысының деңгейі**

Облыста 4 селолық аудан бар, оның ішінде Маңғыстау және Бейнеу аудандары толықтай ауыл шаруашылығы бағытында. Маңғыстау облысының ауыл шаруашылық өндірісі малды күндіз-түні жайылыста ұстайтын айырықша мал шаруашылығымен ерекшеленеді. Іс жүзінде барлық тұрғындардың өз ауласында малдары бар, оларды

күтумен жұмыс жасамайтын әйелдер мен зейнет алды жасындағы адамдар қамтылған. Еңбекке жарамды ер адамдар ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған немесе аудан орталығы мен облыс қалаларында орналасқан мұнай мен басқа да өнеркәсіп кәсіпорындарында жұмыс жасайды.

Ауылдық жерлерде кейбір елді мекендерде майдагерлік өндірістер дамыған. Әйелдер түйе жөнінен халық тұтынатын тауарлар: жіптер мен дайын бұйымдар (кеудешіктер, шұлықтар, жамылғылар, көрпелер, алашалар, текеметтер, киіз үйге арналған сәндік бұйымдар) дайындау, ұлттық киімдер тігу жұмыстарымен қамтылған. Сонымен қатар базарларда сату мақсатымен түйе сүтінен ұлттық тағамдар: шұбат, құрт, балқаймақ, ірімшік және т.с.с. өндіріледі. Шектеулі суармалы учаскелері бар кейбір жерлерде тұрғындар көкөніс өсірумен және аз мөлшерде оларды консервілеумен айналысады.

Облыста өсімдік шаруашылығы нашар табиғи - климаттық жағдайдан, табиғи су қоймаларының болмауынан, өсімдіктің жетіспеуінен әлсіз дамыған. Өсімдік шаруашылығының өнімін өндіруге кететін көп шығындар, агротехнологияны пайдаланудың төменгі деңгейі, өзіндік құнының жоғары болуы ішкі және сыртқы рынокта жергілікті өнімнің бәсекеге қабілетсіздігінің себебі болып табылады.

Облыста ауыл шаруашылығының жалпы өнімінде (ЖӨ) көп үлесті Маңғыстау ауданы (43%) және Бейнеу ауданы (27%), аз үлесті - Қарақия (15%) және Түпқараған (11%) алады. Облыстық ЖӨ мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығының қатысы - тиісінше 98,4% және 1,6%. Өсімдік шаруашылығымен Қарақия және Түпқараған аудандары басымрақ айналысады, мал шаруашылығымен - Бейнеу және Маңғыстау аудандары.

	Бейне ауданы	Маңғыстау ауданы	Қарақия ауданы	Түпқараған ауданы	Облыс бойынша бары
2002 жылғы ауыл шаруашылығының ЖӨ, млн.теңге	285,6	458,4	159,1	118,9	1083,0
Облыстық ауыл шаруашылығының ЖӨ үлес	27	43	15	11	-
Ауыл шаруашылығының ЖӨ өсімдік шаруашылығының үлесі, %	-	-	0,3	0,1	1,6
Ауыл шаруашылығының ЖӨ мал шаруашылығының үлесі, %	100	100	99,7	99,7	98,4

Жайылыспен көбірек қамтылған Қарақия ауданы (1 бас малға 213,6 га), Бейнеу ауданы бойынша қамтамасыз етілуі 99,8 га құрайды, Маңғыстау ауданы бойынша - 1 бас малға 71,8 га. Түпқараған ауданы аз қамтамасыз етілген (1 бас малға 55,8 га), Ақтау қалалық әкімшілігінің Баянды селосы бойынша жайылыспен қамтамасыз етілу 1 бас малға 15,1 га құрайды.

Облыстың барлық ауылдық елді мекендері олардың көпшілігінің облыс орталығы Ақтау қаласынан қашықтығына қарамастан темір жол желісі (100 км дейін) мен

автомобиль жолдарына жақын орналасқан. Жақын темір жол станциясынан, автомагистраль мен аудан орталығынан 100 км-ден астам жерде орналасқан бір елді мекен бар бұл 300 адам шамасында халқы бар Қарақия ауданының Аққұдық ауылы. Өткізу базарынан 100 км-ден астам қашықтағы АЕМ жеке салмағы 2,5% (40 АЕМ 1) құрайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 100 ауыл тұрғынына облыс бойынша орташа 3,1 құрайды. Ауылдық жерлерде шағын кәсіпкерлік объектілерінің көбірек саны 100 ауыл тұрғынына (орташа облыстық көрсеткіштен 80,6% жоғары) Бейнеу ауданында шоғырланған 5,6. Ең төменгі көрсеткіштер Маңғыстау ауданы бойынша (1,7) және Баянды селосында (1,1). Қарақия және Түпқараған аудандары бойынша 100 адамға 2,4 шағын кәсіпкерлік субъектісінен келеді. Ауыл шаруашылығының әлсіз дамуы, іс жүзінде өнеркәсіп кәсіпорындарының болмауы, ауылда жұмыс орындарының жетіспеуі ауыл тұрғындары табысының төмен деңгейін айқындай түседі. Мәселен, 2002 жылы статистикалық деректер бойынша ең төменгі күнкөріс минимумы шамасынан төмен табысы бар ауыл тұрғындарының үлесі 84,6% (облыс бойынша 39,8%) құрайды.

Алайда, статистикада кедейлерді анықтау әдісінің жетілдірілмегендігін де айту керек, өйткені ауылдық жерлерде өте көп тұрғындардың өз аулаларында жеке тұтынуының және облыс базарларында сатуға арналған әртүрлі малдары бар, бұл отбасын азық-түлік және халық тұтынатын өнімдермен қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады.

Аудандар арасындағы табыс деңгейі бойынша саралау іске асырылып келеді, атап айтқанда орташа жалақы мөлшері бойынша. Мәселен, орташа айлық атаулы жалақының көбірек деңгейі 2002 жылы Бейнеу бойынша - 21811 теңге (орташа облыстық көрсеткіштен 55,4%) және соңғы жылдары өнеркәсібі дамуы алған Түпқараған ауданы бойынша - 19484 теңге (49,5%) байқалды. Жалақының төмен деңгейі ауыл шаруашылығына бағытталған аудандарда - Қарақия ауданында - 11746 теңге (29,8%) және Маңғыстау ауданында 10798 теңге (27,4%).

1.09.2003 ж. жағдай бойынша орташа айлық жалақы барлық аудандар бойынша 2002 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда орташа 9-10% артты, бұл селолық аудандарда әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың ішінара жақсарғандығын көрсетеді.

Бейнеу ауданы 1973 жылы құрылды. Аудан орталығы Бейнеу селосы. Аудан аумағының жалпы көлемі 4051,9 мың га, облыс орталығынан қашықтығы 470 км. Облыс орталығымен және облыстың басқа да аудандарымен темір жол және автомобиль қатынастары бар. Толықтай ауылдық разрядқа жататын аудан халқының саны, 1.01.02 ж. жағдай бойынша 27,8 мың адам құрады, 1.09.03 жылғы жағдай бойынша ол табиғи өсім мен оралмандардың орналасуымен 12,2% немесе 31,2 мың адамға (облыстың барлық тұрғындарының 9,0%) өсті. Аудан құрамында 10 ауыл кіретін 10 селолық округ бар. Ауданның ірі елді мекеніне жататындар:

Боранкөл селосы (Опорный станциясы), халқының саны - 5,2 мың адам, Ақжігіт селосы - 2,5 мың адам және Сарға селосы 1,2 мың адам.

Егер аудан бұрындары басымдықпен ауыл шаруашылығы бағытын иемденсе, енді 2000 жылдан Толқын және Боранкөл кенорындарына барлауды және жайластыруды жүзеге асырып жатқан біріккен және шетел кәсіпорындарының мұнайгаз секторының қызметтері мен жергілікті жұмысшы күштерін тарта отырып, оларға сервистік қызмет көрсететін ілесушілер есебінен кен өндіру өнеркәсібінің дамығаны байқалады. Бүгінде ауданда "Казполмунай" БК, "Аском интеройл" БК, "Толқыннефтегаз" АҚ барлау және мұнай өндіру жұмыстарын жүргізуде, "КАСКО" ЖШС мұнай компанияларына сервистік қызметтер көрсетуін қамтамасыз етеді. Тас ұлутас өндіру жөніндегі жергілікті кәсіпорындар саны артты "Сүйіндік" ЖШС, "Актас" ЖШС, "Берекет" ЖШС. Ауданда барлығы 1928 шаруашылық субъектісі, оның ішінде 174 шаруа шаруашылығы, 1690 жеке кәсіпкерлер жұмыс жасайды.

Ауданда шағын кәсіпкерліктің (ШК) дамуы жеткілікті жоғары қарқынмен жүзеге асырылады: Бейнеу селосында муниципальды базар ашылып, жұмыс жасайды, 2002 жылы ШК субъектілерімен өндірілген өнімдер (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) көлемі, бюджетке төлем көлемі 2001 жылмен салыстырғанда 1,5 есе артты.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі облыстық көрсеткіштің 27% құрайды. Мал шаруашылығы басымдықпен дамыды, облыс бойынша мал басының жалпы санының үлес салмағы мынадай: қой мен ешкі бойынша 22%, жылқы 14% және түйе бойынша 25%.

Бейнеу селосында ауылдық тауар өндірушілерге көлік қызметін, техника мен құрал жабдықтарды жөндеу, үй мен мал қорасының құрылысын салу, мал азығын дайындау бойынша қызмет көрсететін Бейнеу-МТС МКК жұмыс істейді. Тері шикізатын қайта өңдеу жөніндегі 2 шағын цех жұмыс істейді, әкелінген шикізаттан өсімдік майын өндіру жөніндегі шағын цех ашылды, алайда кәсіпорын 2004 жылы суармалы учаскелерде май шығаратын өсімдіктер өсіруді игеруге белгілеп отыр.

Ауданның өнеркәсіп секторында Бейнеу селосының халқы басымдықпен жұмыспен қамтылған, қалған ауылдық елді мекендердің тұрғындары әдеттегідей мал шаруашылығында.

Бейнеу ауданы Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Экономикасы тоқыраған аудандарға көмек көрсету туралы" 1999 жылғы 11 мамырдағы N 561 қаулысына сәйкес, 1999 жылы тоқыраған болып танылды: сол кезде ауданда жұмыссыздық деңгейі облыста ең жоғары болып табылды - орташа облыстық көрсеткіш 11,9% болса, мұнда 36,5%. Аудан дамуының негізгі бағыты кедейлер мен жұмыссыздар санын қысқарту болып анықталды. Аталған қаулыны іске асыру нәтижесі бойынша жұмыссыздық деңгейін 4,2 % дейін азайтуға қол жетті (1.01.03 ж. жағдай бойынша). Ағымдағы жылы

жұмыссыздық деңгейін болашақта қысқарту байқалады 1.10.03 ж. 2,5% (облыс бойынша 2,1%), орташа айлық жалақының өсімі 2003 жылдың қаңтар - тамызында 34413 теңге (орташа республикалық көрсеткіштен 82,0%).

Алайда халықтың кейбір бөлігінің өмір сүру деңгейі төмен болып қалып отыр, аз қамтылған отбасылар үлесі айтарлықтай жоғары аудан бойынша отбасылардың жалпы санының 23,8%; бір де жұмыс жасайтын адамы жоқ отбасылар үлесі 1,3%.

Маңғыстау ауданы 1928 жылы құрылды. Аудан орталығы Шетпе селосы. Облыс орталығынан Шетпе селосына дейінгі қашықтық 160 км, аудан аумағы 4759,6 мың га тең. Облыс орталығымен байланыс темір жол және автомобиль көлігімен жүзеге асырылады. 2002 ж. басында ауданда 28,9 мың адам тұрды, 1.09.03 ж. жағдай бойынша толықтай ауыл санатына жататын халық саны 28,6 мың адам (облыс халқы санының 8,3%) құрады. Аудан құрамында 20 ауылдық елді мекен кіретін 11 селолық округ бар. Ірі елді мекендер Жыңғылды селосы (2,2 мың адам), Тұщықұдық селосы (2,1 мың адам), Қызан селосы (2,0 мың адам) болып табылады.

Аудан экономикасы ауыл шаруашылығы бағытын сақтап тұр, өнеркәсіп іс жүзінде дамымаған. Аудан субвенциялы, себебі ауданның салық салу базасы төмен және аудан бюджетіне түскен табыс шығысын жаппайды.

2003 жылдың басында ауданда 875-тен астам шаруашылық субъектілері қызметін жүзеге асырды, оның ішінде 169 шаруа шаруашылығы, 693 жеке кәсіпкерлік. Ауданда облыстың ірі тауарлы шаруашылықтарының көп бөлігі шоғырланған, оның ішінде қой шаруашылығымен және жылқы шаруашылығымен айналысатын "Ақшымырау" ЖШС, "Қызан" ӨК, "Жармыш" ЖШС, "Ұштаған" ӨК, "Онды" ЖШС, "Жыңғылды" ЖШС, "Қашаған" ӨК, "Тұщықұдық" ЖШС. Аудан бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі облыстық көлемнің көбірек үлесін құрайды (43%). Облыс бойынша мал басының үлес салмағы жалпы санында мынаны құрайды: қой мен ешкі бойынша 49%, жылқы 48% мен түйе бойынша 39%.

Ауданның шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жергілікті бюджеттен несиелендіру жолымен қаржыланатын инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен жандануы байқалады: 2002 жылы 6 жоба несиелендірілді, одан 3 мал шаруашылығын дамытуға, 1 тамақ өнеркәсібін дамытуға, 2 жүнді қайта өңдеуге жолданды. 2002 жылы ШК субъектілерімен өндірілген өнімдер (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) көлемі 2001 жылмен салыстырғанда 1,3 есе (368,5 млн.теңге), бюджетке төлем көлемі 3,3 есе (39,5 млн.теңге) өсті.

Орташа айлық жалақының мөлшері 2002 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда 21,7%, 2003 жылдың 8 айында 2002 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 7,8% (11788 теңге) өсті. Сонымен қатар бұл облыс бойынша орташа көрсеткіштен 3,6 есе төмен. Кедейшілік шертінен төмен тұратын отбасылар үлесі отбасылардың жалпы



санының 13% құрайды. Ауданда жұмыссыздық деңгейінің соңғы жылдары азайғанына қарамастан облыс бойынша ең жоғары болып табылады және 1.10.03 ж. жағдай бойынша 3,6% (орташа облыстық көрсеткіш 2,1%) құрайды.

Қарақия ауданы 1973 жылы құрылды. Аудан орталығы Құрық селосы. Ақтау қаласынан Құрық селосына дейінгі қашықтық 70 км, аудан аумағы 6583,3 мың га тең. Облыс орталығымен қатынас автомобиль көлігімен жүзеге асырылады. 1.01.2002 ж. ауданда 23,5 мың адам тұрды, оның ішінде ауылдық жерлерде 11,2 мың адам. 2003 жылдың басында аудан халқының саны 23,6 мың адамға дейін көбейді (облыс бойынша жалпы көрсеткішінің 6,8%), оның ішінде ауыл тұрғындарының саны 1,8% (11,4 мың адам) өсті. Аудан құрамында 5 село кіретін 4 селолық округ бар. Сонымен қатар мұнайшылардың 2 жұмысшы кенті бар: Жетібай кенті мен Мұнайшы кенті.

Ауданда кен өндіру өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы дамыған, оның ішінде өсімдік шаруашылығы. Ауданда негізгі өнеркәсіп кәсіпорны "Ұлутас" ААҚ болып табылады, ұлутас өндірумен, қабырға материалдарын, блоктар, қаптауыш тақталар шығарумен айналысады. Аудан орталығының еңбекке жарамды тұрғындарының кейбір бөлігі мұнайгаз секторында жұмыспен қамтылған: ауданның Мұнайшы және Жетібай кенттерінде "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ өндірістері шоғырланған. Сонымен қатар " Маңғыстаугеология" ААҚ, "ЖТТ" ЖШС, «"Жетібаймұнайгаз" өндірістік басқармасы жұмыс жасайды. Соңғы жылдары ұлутас өндіру бойынша көптеген шағын кәсіпорындар жұмысын жандандырды.

Ауданның ауылдық елді мекендерінде 294 шаруашылық субъектісі, оның ішінде 48 шаруа қожалығы жұмыс жасайды. Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі облыс бойынша барлығының 15% құрайды. Облыс бойынша мал басының үлес салмағы жалпы санында мынаны құрайды: қой мен ешкі бойынша 17%, жылқы 19% мен түйе бойынша 13%.

Ауданның неғұрлым ірі шаруашылығы қаракөл тұқымды қой мен асыл тұқымды адай жылқысын өсірумен айналысатын көпсалалы «Сенек» ашық акционерлік қоғамы болып табылады. Шаруашылықта қаракөл елтірісін, тері шикізатын алғашқы өңдеу жөніндегі цех бар, ірі қой жүнін жуу жөніндегі желінің құрылысы аяқталып келеді. Жүннен, теріден, жылқының қылынан халық тұтынатын тауарлар дайындау жөніндегі цех пен басқа да өндірістер бар. Шаруашылық аудан мен Жаңаөзен қаласының мұнай компанияларымен іскерлік байланыстарын қолдап отырады, оларға өз өнімдерін сатады.

2002 жылы таукен өндіру саласы мен шағын кәсіпкерліктің дамуы 2001 жылғыдан 1,3 еседен артық жаңа жұмыс орындарын (443) ашуға мүмкіндік туғызды. 1.01.03 ж. тіркелген жұмыссыздық деңгейі 2001 ж. салыстырғанда 2,6% пунктке төмендеді және 3,9% құрады, 2003 ж. 9 айында жұмыссыздық деңгейі 2,6% дейін азайды.

Алайда, Қарақия ауданында бір жұмысшының орташа айлық жалақысының мөлшері соңғы жылдары өскеніне қарамастан орташа облыстық көрсеткіштен 3,3 есе

төмен күйде қалып отыр (2003 ж. қаңтар - тамызында 12816 теңге). Аз қамтылған отбасылар үлесі ауданның ауылдық елді мекендері бойынша отбасыларының жалпы санында 12,5% құрайды; бір де жұмыс жасайтын адамы жоқ отбасылар үлесі 2,4%.

Түпқараған ауданы 1992 жылы құрылды. Аудан орталығы аудандық бағыныстағы Форт-Шевченко қаласы - облыс орталығы Ақтау қаласынан солтүстікке 132 км орналасқан, қатынас автомобиль көлігімен жүзеге асырылады. Аудан аумағының жалпы көлемі 1037,4 мың га. Аудан халқы 1.01.02 ж. жағдай бойынша 14,8 мың адам құрады, оның ішінде ауыл халқы 7,0 мың адам. 1.10.03 ж. халық саны 1,3% өсті және 15,0 мың адам құрады (облыс халқы санының 4,3%). Аудан құрамында 4 село: Ақшұқыр, Тельман, Қызылөзен және Таушық кіретін 3 селолық округ бар.

Аудан экономикасы негізінен ауыл шаруашылығы бағытына негізделген, бірақ аудан орталығы - Форт-Шевченко қаласында Қашаған кенорнына іздестіру барлау, Каспий теңізі қайраңын игеру жұмыстарының басталуымен мұнайгаз саласы дамыды.

Ауданның елді мекендерінде 242 шаруашылық субъектісі, оның ішінде белгілі бөлігі суармалы егіншілікпен айналысатын 89 шаруа шаруашылығы, жұмыс жасайды. Аудан бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі облыс көлемінде аздаған үлесті құрайды немесе 11%. Облыс бойынша мал басының үлес салмағы жалпы санында мынаны құрайды: қой мен ешкі бойынша 10%, жылқы 16% мен түйе бойынша 18%.

Таушық селосында түйе өсіру жөніндегі мамандандырылған асыл тұқымды шаруашылық "Таушық" ЖШС жұмыс жасайды, ал Қызылөзен селосында қаракөл тұқымды қой өсіру жөніндегі асыл тұқымды шаруашылық «Қарағантүбек» ААҚ. "Таушық" ЖШС полиэтилен ыдысына құю желісімен қоса шұбат дайындау жөніндегі цех салынды, мұздатқыш камерасымен қоса мал сою цехы, түйе жүнінен халық тұтынатын тауарлар жасау жөніндегі цех бар. Сонымен қатар ауданның басқа елді мекендерінде майдагерлік өндіріс пен шағын кәсіпкерлік желісі дамыған, жөндеу, қызмет көрсету, өндіру өндірістері, балық аулау бригадалары бар.

Аудан бойынша экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша орташа айлық жалақы 2002 жылы 25,8%, 2003 ж. 8 айында таукен өндіру саласының дамуы есебінен 2002 ж. тиісті кезеңмен салыстырғанда 9,8% (22915 теңге) артты және облыс бойынша орташа көрсеткіштен 54,6% құрады. 2003 жылдың басында жұмыссыздық деңгейі 3,8 пайыздық пунктке төмендеді және 1.10.03 ж. жағдай бойынша 2,2% құрады.

## **2.2. Инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі**

**Сумен қамту.** Облыста сапалы ауыз сумен қамтуды қамтамасыз етуде елеулі проблемалар бар. Ауылдық мекендерді ауыз сумен қамту жерасты және тұщы су көздерімен, Астрахань Маңғыстау су құбырынан Еділ суымен және ішінара "МАЭК - Қазатомпром" ЖШС тұщытылған суымен жүзеге асырылады.

Астрахань-Маңғыстау су құбыры 1987 жылы пайдалануға берілген және қазіргі уақытта қайта жаңартуды қажет етеді, себебі ұзақ мерзім пайдалану және агрессивиялық

орта кейбір учаскелердің тозуына әкелді, сонымен қатар барлық желінің ұзына бойында тазалау ғимараттары жоқ. Нәтижесінде су құбыры өтетін елді мекендер негізінен техникалық қажеттілікке пайдаланатын сапасы төмен ауыз суды алады.

Сапалы ауыз судың тапшылығы, біздің аймақ үшін едәуір күрделі айырықша табиғи климаттық жағдайда, бақша өсіру мен бақ өсірудің кенжелеп қалуына себеп болды. Нәтижесінде тұрғындардың тамақ өнімдерімен өзін өзі қамтамасыз ету, жұмыспен қамту проблемасын шешу мүмкіндіктерін шектейді.

Аудандар бойынша су құбырларымен және басқа да сумен қамту объектілерімен қамтамасыз етілуін мынадай нұсқада қарауға болады:

	Бейнеу ауданы	Маңғыстау ауданы	Қарақия ауданы	Түпқараған ауданы
Су құбырларының ұзындығы, км	33,7	161,3	104,9	38,3
Резервуарлардың көлемі, текше метр	2420	3450	13260	1000
Сорғы станциясы, бірлік	3	6	3	2
Су тұщыту қондырғысы, саны (д а н а ) ө н і м д і л і г і (текш.м/тәу.)	3 24/24/192	2 24/48	2 48/156	1 1124

Облыста жұмыс істеп тұрған су құбырларының көпшілігі ұзақ мерзімде пайдалануынан, су тазарту технологияларының ескіруінен санитарлық талапқа жауап бермейді және нормативті сапалы су беруді қамтамасыз ете алмайды.

**Газдандыру.** Қазіргі уақытта табиғи газбен негізінен аудан орталықтары қамтамасыз етілуде. Көбірек газдандырылған Бейнеу ауданы: барлық елді мекендері табиғи газбен қамтылған немесе аудан тұрғындарының 100% жуығы.

Маңғыстау ауданында бүгінде аудан орталығы - Шетпе селосы 10,5 мың адам тұрғынымен немесе аудан тұрғындарының жалпы санының 36% газдандырылды, Оңды селосы мен Бекі селосын газдандыру басталды, кезекте Тұщыбек селосын, Жыңғылды селосын, Жармыш селосын газдандыру тұр.

Түпқараған ауданында 3,7 мың адам тұрғын санымен Ақшұқыр селосы және 0,4 мың адам тұрғын санымен Тельман селосы немесе ауданның ауыл тұрғындарының 57,7% газдандырылды.

Қарақия ауданында АЕМ-ден Құланды селосы мен Бостан селосы газдандырылды. Табиғи газ тұтынушылар саны 2,4 мың адам немесе аудан тұрғындарының жалпы санының 21,7%. 2003 жылы 342,0 млн.теңге бюджет қаражаты 2004 жылға жоспарланған Құрық селосы мен Жетібай селосын газдандырудың ЖСҚ жасақтауға бөлінді және игерілді.

Сонымен қатар ағымдағы жылы іс жүзінде Баянды селосын (Ақтау қаласы) газдандыру аяқталды. Яғни бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен бөлінген 16,5 млн.теңгенің 1.10.03 ж. 14,8 млн.теңгесі игерілді.

Электр энергиясымен қамтамасыз етілуі. Бүгінде облыстың барлық ауылдық елді мекендері "МАЭК" РМК орнықты электр жабдықтауымен қамтамасыз етілген. Селолық аудандарға электр энергиясын тасымалдауды «Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы ("МЭБК") ААҚ жүзеге асырады.

Ауылдық елді мекендерде 366 млн. кВт/сағ. тұтынылады, оның ішінде өнеркәсіпте - 345,6 млн. кВт/сағ., әлеуметтік-мәдени-тұрмыстық объектілерінде - 0,6 кВт/сағ., тұрғындарда - 19,8 кВт/сағ..

Ауылдық елді мекендерді электрмен жабдықтауды жүзеге асыратын электр желілерінің жалпы ұзындығы 2059,5 км құрайды, оның ішінде 0,4 кВ 489,7 км, 6-10 кВ 1569,8 км. 1990 ж. дейін пайдалануға 1704 км электр желісі іске қосылды немесе барлық істейтіндердің 82,7%, қалғандары жұмысқа 1990 - 1995 жылдары қосылды. Бүгінде 111 км электр желісі қайта жаңартуды (5,4%) қажет етеді, қалғандарының жағдайы қанағаттанарлық.

Электрмен жабдықтау желілерінде 40,5 мың кВ жалпы белгіленген қуатымен 358 трансформаторлы қосалқы станция (ТҚС) қондырылды, оның 255-і (71%) пайдалануға 1990 жылы, қалғандары 1990-1995 жылдардағы кезеңде берілген.

**Байланыс.** Ауылдық елді мекендердің 6-ында ешқандай телефон байланысы жоқ. Жалпы пайдаланыстағы селолық желі, ескірген ұқсас коммуникациялық және арна құрушы аппаратураның дені тозған құрал жабдықтарынан тұрады. 25 ауылдық АТС - 24 ұқсас үйлестіруші қарқынды және барлығы - 1 санды. Соңғы екі жыл ішінде ауылда телефон аппараты санының өсуінің тұрақты қарқыны байқалады. Сонымен қатар облыс бойынша станцияның 80% 20 және одан да көп жылдар бойы жұмыс істейді, селода жұмыс істеп тұрған абоненттердің 22,8% қалааралық желіге шығуға мүмкіндігі жоқ.

Халықтың сирек қоныстануы және елді мекендер арасының айтарлықтай қашықтығы селолық байланысты ұйымдастыруды қиындатады байланыс желілерінің үлкен кедергілері, және олардың жұмысқа жарамдылығы мен тұзулігін қолдау үшін үлкен пайдалану шығындарының көптігі, желінің ескірген элементтерін қысқа мерзімде ауыстыруға мүмкіндік бермейді.

Ауылда телекоммуникация қызметтерімен қамтамасыз ету проблемаларын шешу үшін "Қазақтелеком" ААҚ селолық және қиындықты аудандарда ҚSAT - (ДАМА) қажеті бойынша каналдарды ұсынуымен қоса қол жеткізілген технологиялар бойынша құрал жабдықтар, байланыстың ұлттық спутниктік желісі құрылысын салуды жүзеге асырады. Облыс бойынша спутниктік желінің жалпы қоры 20 станцияны құрайды, одан ауылда 13 станция.

Сонымен қатар облыс ауылдарында СМАРТ-карт технологиясымен 8 таксофон қондырылды, бұл - облыс бойынша жалпы санының 11,8% құрайды. Бейнеу ауданында, Бейнеу селосында 1982 жылы шыққан 100% ескірген АТСК 100/100 қондырғысы орнатылды. 2002 жылы құрал жабдықтарды шағын жетілдіру жұмыстары жүргізілді. Маңғыстау және Қарақия аудандарында осыған ұқсас ахуал қалыптасты.

**Көлік инфрақұрылымдары.** Бейнеу ауданы бойынша ұзындығы 32,2 км жол учаскесі өтеді, оның асфальтталған бөлігі 14,2 км құрайды, қиыршық тас төселген 18,0 км жол бар. Ауданда 5 елді мекенде қатқыл табанды автомобиль жолы жоқ: Ноғайты, Тұрыш, Есет, Қызыл-Әскер, Төлеп.

Түпқараған ауданы бойынша "Форт-Шевченко - Таушық" а/ж (80 км) өтеді, яғни нашар ауа райы жағдайында пайдалануға жарамсыз болып қалады және күрделі жөндеуді қажет етеді.

Маңғыстау ауданында "Тұщықұдық - Қызан" пайдаланудағы қиыршық тас жолы жөндеуді қажет етеді, 3 елді мекенде: Сазды, Жарма селоларында, 15 Бекетте тек қара жол ғана бар.

Қарақия ауданында өзіне дейін қатқыл табанды жолы жоқ бір ауылдық елді мекен бар Аққұдық селосы. Алайда Құланды селосында кентшілік жолдар ескірген және апатты жағдайға жатады. Бостан, Сенек селоларындағы асфальтталған жолдар да жөндеуді қажет етеді.

Облыс бойынша барлығы қатқыл табанды автожолы жоқ 9 ауылдық елді мекен бар немесе АЕМ жалпы санының 22,5%.

### **2.3. Әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі**

**Денсаулық сақтау.** Облыстың барлық елді мекендері медицина ұйымдарымен немесе медицина қызметкерлерімен қамтылған: 36 АЕМ олар нормаға сәйкес келеді, 4 АЕМ нормаға сәйкес келмейтін медициналық мекеме бар. Ауыл тұрғындарына бекітілген нормативке сәйкес 3 Орталық аудандық аурухана, 5 ауылдық учаскелік аурухана, 9 отбасылық дәрігерлік амбулатория (оның ішінде біреуі жеке), 10 фельдшерлік - акушерлік пункт, 2 фельдшерлік пункт бөлмелерімен және 10 жеке бөлмесі жоқ фельдшерлік пункт медициналық көмек көрсетеді.

Ауыл тұрғындарына медициналық қызмет көрсету деңгейі қалаларға қарағанда айтарлықтай төмен. Өткізілген іс шараларға қарамастан, ауылдық емдеу алдын алу ұйымдарының материалдық - техникалық базасы барлығында қанағаттанарлық емес. Проблемалы мәселе ауылдық медицина мекемелерінде білікті медицина кадрларының жетіспеуі болып қалуда, бұл - кадрлардың жиі ауысуымен, кәсіптік қызметіне арналған әлеуметтік тұрмыстық жағдайдың төмен деңгейінің шарттасуымен, тұрғын үйдің болмауымен, жалақының аздығымен түсіндіріледі. Ауылдардың дәрігерлермен қамтылуы орташа облыстық көрсеткіштен төмен, ең төмен көрсеткіш облыс бойынша 31,2 орнына Маңғыстау ауданында 14,9 және Қарақия ауданында 17,8 болып белгіленеді. Орта медициналық қызметкерлермен қамтамасыз етілу бойынша көрсеткіш орташа облыстықтан төмен Түпқараған ауданы бойынша 63,0 және Маңғыстау ауданы бойынша 78,6.

Облыстың барлық аудандарында аурухана төсекорындарымен төмен қамтамасыз етілуі төмен: орташа облыстық көрсеткіш - 65,0 орнына Түпқараған - 53,7, Бейнеу - 55,0 және Маңғыстау аудандарында - 57,6.

**Білім беру.** Ауылдық жерлерде жалпы білім беретін мекемелер желісі - 19,3 мың орындық 48 мектеп ұсынылады, оның ішінде бастауыш мектеп 6 (0,9 мың орындық), негізгі 3 (0,5 мың орындық), орта 39 (17,9 мың орындық) бар. Мектеп жасындағы балалардың оқумен қамтылуын талдау көрсеткендей, 77,5% (31) АЕМ білім беру нормативіне сәйкес мектептері бар, 1 АЕМ (2,5%) Маңғыстау ауданының ұштаған селосы мектебі нормативке сәйкес келмейді, апатты жағдайға жатады. 8 ауылдық елді мекенде мектептер мүлдем жоқ, оның 3-і: Маңғыстау ауданының Тиген селосы мен Тұщыбек селосы, Түпқараған ауданының Тельман селосы олар нормативке сәйкес келтірілуі тиіс.

Мектеппен қамтылмаған 8 АЕМ, іс жүзінде барлығы Маңғыстау ауданында, біреуі Түпқараған ауданында. Бұлар негізінен аз санды елді мекендер, яғни балалары жақын кент мектептеріне барады немесе мектеп-интернатта оқиды. 2,8 мың оқушы үшін оқу орнына дейін тұрақты күнсайын тасымал ұйымдастырылған.

Толықтай ауылдық елді мекендер бойынша мектептерде оқушы орындарымен жеткіліксіз қамтылуы қалыптасқан: 87,1% (22,1 мың бала), негізінен оқушы орындарының жетіспеуі Бейнеу ауданында (73,4%) сезіледі.

**Бейнеу ауданы.** Ауданда 9,4 мың оқушы оқитындар санымен жобалық қуаты 6,9 мың орындық 18 мектеп жұмыс істейді. Мектептердің көпшілік саны аудан орталығы Бейнеу селосында орналасқан арасында лицей, гимназиялары бар 7 бірлік, Боранкөл және Ақжігіт селоларында 2 орта мектептен, Ноғайты селосында 1 бастауыш мектеп, қалған барлық елді мекендерде бір орта мектептен бар. Осыған қарамастан, халық санының өсуімен байланысты, ауданның көкейтесті проблемасы жалпы білім беретін мектептің жетіспеуі болып қалады.

Ауданның мектепке дейінгі білім беру саласында тек 1 мектепке дейінгі балалар мекемесі Бейнеу селосында 82 адам бала санымен «Бейнеу» бала бақшасы жұмыс істейді, аудан бойынша мектепке дейінгі барлық бала саны 2,5 мың адамды құрайды, балалардың мектепке дейінгі біліммен қамтылуы - 3,3%, оның ішінде Бейнеу селосында 6,5%.

Денсаулық сақтау саласында 3 аурухана жұмыс жасайды: Бейнеу селосында орталық аудандық аурухана мен туберкулез ауруханасы, Боранкөл селосында Қарақұм ауылдық участкелік ауруханасы; Бейнеу селосында 1 аудандық емхана мен 2 отбасылық дәрігерлік амбулатория - ОДА (Ақжігіт селосында, Жанкелдин селосында); 6 фельдшерлік-акушерлік пункт (Қызыл-Әскер, Есет, Тұрыш, Ноғайты, Сыңғырлау, Төлеп селоларында) жұмыс істейді.

Мәдениет мекемелерінен - Бейнеу селосындағы Абыл аудандық мәдениет Үйі, Ақжігіт, Жанкелдин селоларындағы ауылдық мәдениет Үйлері, Есет, Ноғайты, Боранкөл, Төлеп, Сыңғырлау, Тұрыш және Қызыл-Әскер селоларындағы ауылдық клубтары, Орталық аудандық кітапханамен, Орталық балалар кітапханасы және ауданның 9 елді мекеніндегі кітапхана филиалдары бар.

Тұрмыстық қызмет саласында Бейнеу селосында 2 қоғамдық монша жұмыс жасайды, 511 жеке аулада меншік моншалары бар, ауданның 10 елді мекенінде 47 қоғамдық тамақтандыру объектілері жұмыс жасайды, олардың көпшілігі аудан орталығында шоғырланған (22). Барлық елді мекендерде пошта байланысының бөлімшесі бар.

Ауданның тұрғын үй қоры 422,4 мың шаршы метр құрайды, 1 адамның тұрғын үймен қамтамасыз етілуі нормативтегі 18,0 орнына 15,3 құрайды. Тұрғын үйдің жетіспеуі соңғы жылдары ауданның елді мекендеріне оралмандар мен басқа да көшіп келушілер ағынының артуымен түсіндіріледі. Соңғы жылдары тұрғын үй қоры тек жеке тұрғын үй құрылысын салу есебінен артып отыр, яғни 2002 жылы 25,1 шаршы метр пайдалануға берілді.

**Маңғыстау ауданы.** Ауданның әлеуметтік саласында 7,7 адам оқушы санымен 7,6 мың орындық 19 жалпы білім беретін мектеп жұмыс жасайды, оқушы орнымен қамтылуы 98,7% құрайды.

Мектептердің жалпы саны: 3 - бастауыш, 2 - негізгі, 14 орта. 6 елді мекенде: Сазды, Жарма, Тұщыбек селоларында, 15 бекетте, Басқұдық, Қияқты селолары мен Тиген селосында ешқандай мектеп жоқ, балалар жақын елді мекендердегі мектептерге қатынайды немесе Жыңғылды селосындағы мектеп интернатта оқиды. Тұщыбек және Тиген селоларында білім беру нормативіне сәйкес бастауыш мектептердің болуы қарастырылуда. Қалған елді мекендер аз санды және нормативке сәйкес оларда жалпы білім беретін мектептердің болуы міндетті емес.

Мектепке дейінгі білім беру саласында Шетпе селосында 35 бала саны бар 75 орындық 1 "Балдырған" балалар бақшасы бар. Оның толықтырылмауы, соңғы жылдары төлемақы құнының өсуінен ата-аналардың балаларын балалар бақшасына беруге ынтасының жоқтығымен түсіндіріледі. Мектепке дейінгі жастағы балалардың жалпы саны аудан бойынша - 3,8 мың адам, оның ішінде Шетпе селосында 1,3 мың адам.

Денсаулық сақтау саласында 6 емдеу ұйымдары бар: Шетпе селосында Орталық аудандық аурухана, Ұштаған, Жыңғылды және Қызан селоларында - 3 ауылдық учаскелік аурухана; Шетпе селосында 1 аудандық емхана және Жармыш, Сайөтес және Шайыр селоларында 3 отбасылық дәрігерлік амбулатория; Шебір, Ақшымырау және Онды селоларында 3 фельдшерлік - акушерлік пункттер, Тұщыбек селосында 1 фельдшерлік пункт.

Ауданның өткір проблемаларының бірі білікті медициналық қызметкерлердің жетіспеуі болып табылады. 10 мың тұрғынның дәрігерлермен қамтылуы, нормативтегі 31,2 орнына 16,9. Бұл тіршіліктің әлеуметтік тұрмыстық жағдайының төмен деңгейімен түсіндіріледі, бұл өз кезегінде, ауданның ауыл шаруашылығы бағытына және бюджеттің төмен табысына байланысты болып отыр.

Мәдениет саласында "Өрлеу" аудандық мәдениет үйі, ауданның 7 елді мекенінде ауылдық мәдени үйлері, 2 селода ауылдық клубтар, Орталық аудандық кітапхана,

Орталық балалар кітапханасы және ауданның 12 елді мекенінде кітапхана филиалдары жұмыс жасайды. Аудан орталығы Шетпе селосында Маңғыстау өлкетану музейі, Жыңғылды, Ұштаған, Қызан, Онды және Жармыш селоларында селолық киноқондырғылар бар.

Сауданың неғұрлым ірі объектілері аудан орталығы Шетпе селосында шоғырланған : аудандық тұтыну қоғамы және «Ақбөкен» базары. Барлық елді мекендер бойынша 15 қоғамдық тамақтандыру объектісі, 2 шаштараз, 2 киім тігу жөніндегі ателье, 1 фотоателье, 1526 жеке монша бар. 20 АЕМ 11-і пошта байланысымен қамтамасыз етілген.

Ауданның тұрғын үй қоры 315,2 мың шаршы метр құрайды, 1 адамның тұрғын үймен қамтылуы 10,9 (норматив-18,0) құрайды. Тұрғын үйдің жетіспеуі аудан орталығында неғұрлым өткір сезіледі. Соңғы жылдары муниципальды тұрғын үй салу құрылысы іс жүзінде жүргізілмейді. Ауданда өткен жылы жеке тұрғын үй салу есебінен 5,9 мың шаршы метр тұрғын үй берілді.

**Қарақия ауданы.** Ауданның ауылдық жерлерінде 3,0 адам оқушы санымен 3,2 мың орындық 7 мектеп жұмыс істейді, оның ішінде 1 - бастауыш мектеп (Құрық селосы), 1 - негізгі (Аққұдық селосы), 5 - орта. Барлық АЕМ мектептер бар, Құрық селосында 1,7 мың орындық 3 мектеп. Біраз уақытқа дейін ауданда балалардың мектепке дейінгі ұйымдары болған жоқ, 2002 жылы 35 бала санымен 35 орындық бір санаториялық балалар бақшасы ашылды. Ауданның ауылдық елді мекендерінде мектепке дейінгі жастағы барлық балалар саны 1,05 мың адам, оның ішінде Құрық селосында 565 адам құрайды.

Құрық селосында Орталық аудандық аурухана мен аудандық емхана, Құланды және Сенек селоларында ауылдық дәрігерлік амбулатория, Бостан селосында жеке ОДА, Аққұдық селосында бір фельдшерлік пункт жұмыс жасайды. 10 мың тұрғынның дәрігерлермен қамтамасыз етілуі облыстық көрсеткіш 31,2 орнына 18,7 құрайды, ал орта медициналық қызметкерлер - облыстық көрсеткіш 81,7 орнына 74,0.

Мәдениет саласында Құрық селосында 360 орындық аудандық мәдениет Үйі, Бостан селосында ауылдық мәдениет Үйі, Сенек селосы мен Аққұдық селосында ауылдық клубтары, Орталық аудандық кітапханасы, Орталық балалар кітапханасы мен ауданның барлық ауылдық елді мекендеріндегі кітапхана филиалдары бар. Ауданда кинотеатрлар мен кино қондырғылар, музейлер жоқ.

Құрық селосында сауда тұрмыстық қызмет көрсету саласы дамыған, аралас базар, шаштараз, тұрмыстық техниканы жөндеу жөніндегі ателье және 8 қоғамдық тамақтандыру объектісі жұмыс жасайды. Басқа АЕМ тек жекеменшік дүкендер мен дүңгіршектер, жеке моншалар (239 бірлік) бар.

Ауданның тұрғын үй қоры ауданның ауылдық елді мекендерінде 137,7 мың шаршы метр құрайды, 1 адамның тұрғын үймен қамтамасыз етілуі нормативтегі 18,0 орнына 12,3 құрайды. Ауданда 2002 ж. 5,1 мың шаршы метр тұрғын үй берілді. «2003 - 2005



жылдарға арналған тозығы жеткен тұрғын үйлерді күрделі жөндеу және апатты тұрғын үйлерді сүріп тастау жөніндегі Аймақтық бағдарлама» шегінде 2002 жылы апатты үйлерден қоныс аударған азаматтарға тұрғын үй сатып алу үшін жергілікті бюджеттен 30,0 млн. теңге бөлінді.

**Түпқараған ауданы.** Ауданда жұмыс істейтін балалардың мектепке дейінгі 2 ұйымының біреуі аудан орталығы Форт-Шевченко қаласында орналасқан, екіншісі Таушық селосында бейімделген бөлмеде (орын саны 80, балалар саны 41 адам). Сондықтан мектепке дейінгі жастағы балалардың жалпы саны ауылдық жерлерде 1,2 мың адам құрайды, оның ішінде Таушық селосында 249 адам.

Ауданның Тельман селосынан басқа барлық ауылдық елді мекендерінде орта жалпы білім беретін мектептер бар: 1,8 мың адам оқушы санымен 1,4 мың орындық 3 мектеп, мектептерде оқушы орнымен қамтамасыз етілу 77,8% құрайды. Қызылөзен селосында Баймұрзаев атындағы мектеп 1968 жылы салынған, бейімделген бөлмелерде орналасқан және қазіргі заманғы талапқа жауап бермейді, балалар санының артуымен оқушы орындарының жетіспеуі сезіледі (78,4%). 0,4 мың адам халқы бар Тельман селосының балалары жақын орналасқан Ақшұқыр селосының мектебіне қатынайды.

Денсаулық сақтаудың негізгі объектілері Орталық аудандық аурухана, туберкулез ауруханасы және аудандық емхана жұмыс жасайтын аудан орталығы Форт-Шевченко қаласында шоғырланған. Ауылдық жерлерде 2 отбасылық дәрігерлік амбулатория: Ақшұқыр селосы мен Таушық селосында әр ауысымында 15 қабылдау қуатымен және Қызылөзен селосында бір фельдшерлік - акушерлік пункт бар. 2002 жылы барлық денсаулық сақтау объектілеріне күрделі жөндеу жүргізілді, олардың материалдық - техникалық жағдайы жақсарды.

Іс жүзінде барлық селоларда мәдениет объектілері: Ақшұқыр селосында - 2002 жылы облыс бойынша үздік ауылдық мәдениет үйі атағын алған, 150 орындық ауылдық мәдениет үйі, Таушық селосы мен Қызылөзен селосында тиісінше 100 және 80 орындық ауылдық клубтар бар. Алайда ауылдық клубтарда жылу жүйесі жоқ, Қызылөзен селолық клубы күрделі жөндеуді қажет етеді.

Орталық аудандық кітапхана мен Орталық балалар кітапханасының филиалдары ауданның әрбір елді мекендерінде бар, бірақ олардың барлығы бейімделген бөлмелерде орналасқан. Қызылөзен селосында бір ауылдық киноқондырғы жұмыс жасайды.

Сауда-тұрмыстық қызмет көрсету объектілері негізінен аудан орталығы - Форт-Шевченко қаласында шоғырланған, ауданның ауылдық елді мекендерінде тек жекеменшік дүкендер мен дүңгіршектер жұмыс істейді, 2 қоғамдық тамақтану объектісі Ақшұқыр селосы мен Таушық селосында, жеке моншалар (67 бірлік).

Ауданның елді мекендерінде негізінен бір қабатты үйлерден тұратын тұрғын үй қоры 83,4 мың шаршы метр құрайды. 1 адамның тұрғын үймен қамтамасыз етілуі 10,8 (норматив - 18,0) құрайды. 2002 жылы ауданда жеке құрылыс салу есебінен 2,1 мың шаршы метр тұрғын үй берілді.

## 2.4. Экология жағдайы

Маңғыстау облысы Қазақстан Республикасының оңтүстік - батысындағы шөл аймақта орналасқан. Аймақта жауатын жауын-шашынның мөлшері төмен, көпшілік бөлігі жылдың жылы уақытында келеді. Аудандар бойынша жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 134-180 мм шамасында ауытқиды.

Аймақтың қолайсыз жағдайы сонымен қатар күшті желдер мен құмды дауылдар болып табылады. Бұл факторлар, жазғы қуаңшылық кезеңінде топырақты эрозияға ұшыратады және табиғи тепе-теңдікті тез қалпына келтіруге кедергі келтіреді. Ахуал, сонымен қатар үнемі шаң тудыратын жүйесіз автомобиль жолдарынан, негізінен Бейнеу ауданы аумағында нашарлайды. Күшті желдер мен құмды дауылдар сонымен қатар бірқатар аудандарда тұрғын үй алаптарын құм басуына ұшыратады, бұл ауылдықтар үшін ауыл шаруашылық қызметтерін жүзеге асыру мүмкіндіктерін едәуір әлсіретеді, ауылдағы тіршілік сапасын төмендетеді.

Барлық аумақ бойынша кең таралған сорлар, сортаңдар байқалады. Аумақты кеңістік Бостанқұм, Сауысқан, Сеңгірқұм, Түйесу, Қарынжарық, Жылымшық, Егізлақ, Қызылқұм, Уаққұм, Сам-Ұялы құмдармен қамтылған.

Күшті климат жағдайында, сирек өсімдік жамылғылары қарашірінді мен құнарлы элементтерінің аз жинақталуына әкеледі. Шөл далада топырақтың түзілуі мен геохимиялық үдерістердің өтуі толықтай төтенше қиын және топырақтың құнарлылығы жағынан қолайсыз.

Облыстың ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлері, негізінен, мынадай топырақ типтерімен ұсынылады:

- сұр қоңыр шөл далалы солтүстік сортаңдарымен және тұзды - 46%,
- дауылды шөл далалы, оның ішінде сортаң дақтарымен 10% - 8,9% дейін.

Аудандар бойынша топырақтың тұздану деңгейі 0,2-0,4% шамасында ауытқиды, бірақ судың болмауы егіншілік саласын дамытуға мүмкіндік туғызбайды. Сондықтан ауыл шаруашылығына арналған жерлер облыс бойынша толықтай төмен балл - бонитетпен (3,7 - 8) сипатталады. Облыста ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлер 8642,77 мың га құрайды және тек қана шөл далалық үлгідегі жайылымдардан тұрады. Жайылымдардың суландырылуы 55% құрайды. Облыстың жайылымы төмен өнімділігімен, жыл және маусым бойынша тез ауытқушылығымен сипатталады. Пайдалану маусымы бойынша көбірек үлес салмағы күзге қысқа келеді (48%), көктемде - жазда жайылым 39% қамтиды. Негізінен Бейнеу ауданында жазғы жайылымның тапшылығынан Ақтөбе облысы аумағында жайылымды пайдалануға мәжбүр болады. Жайылымның түсімділігі аудандар мен облыс бойынша орташа гектарына 1,5 центнер жемшөп өлшемін құрайды. Шөл далалық жайылымдар құнарсыздануға жеңіл беріледі. Өнеркәсіптік қызметтен, сондай-ақ жол эрозиясынан жайылымның едәуір көлемі Бейнеу және Қаракия аудандарында бұзылған. Жайылымдар өсімділігінің өзгеруі, соңғы жылдары қажетсіз құбылыс бағытына әкеледі

, алдымен жеңіл механикалық құрамды топырақта, сондай-ақ көпжылдық өсімдікті суатты және елді мекендерге жақын, жемшөптік қатынаста әртүрлі бір жылдық, құндылығы аз өсімдіктермен ығыстырғаны байқалады. Жылсайынғы құрғақшылықтан, сондай-ақ басқа да себептер бойынша, жайылымға пайдаланылатын жерлер мен жайылымның шабындық учаскелері жемшөп көлемін азайтады. Егістік барлығы 0,13 мың га қамтиды, шағын учаскелі шаруашылықтар бойынша әр жерде тұр (4-7 га.) және көкөніс бақша өнімдерін өсіру үшін пайдаланылады. Олардың көпшілік бөлігі Маңғыстау ауданының Шайыр селосына (54,2%) келеді. Облыстың жайылымдық пайдаланылатын жерлерінің басым көпшілігі қанағаттанарлық жағдайға жатады, алайда, облыста өнеркәсіптік қарқынды игерілуі мұнайгаз құбырларының төселуі, мұнай мен газ кенорындарының іздестірілуі бұзылған, жайылымдыққа пайдаланылатын жерлер көлемі үнемі артып келеді. Негізінен бұл Бейнеу және Қаракия аудандары үшін маңызды. Елді мекендер айналасындағы жайылымдыққа пайдаланылатын жерлердің жағдайы нашар. Олардың айналасындағы аумағы бірнеше километр радиусында улы өсімдіктер өсе бастаған.

Геоботаникалық тексеру деректері бойынша пайдаланылатын жерлердің тозу көлемі 1,4 млн. га жетті.

Облыста, негізінен селолық аудандарда, су көздерінің ластануына, санитарлық - эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына, кейбірінде сумен қамту жүйелерінің болмауына байланысты халықты сапалы сумен қамтамасыз ету проблемасы неғұрлым өткір күйінде тұр.

Тұрғындарға су құбырларымен берілетін судың сапасы микробиологиялық көрсеткіштер бойынша облыста толықтай ластанған су сынамаcының жеке үлесі бойынша 2,5%, химиялық көрсеткіштер бойынша - 27,3% құрайды.

Түпқараған ауданында, тұрғындарға су құбырымен берілетін су химиялық көрсеткіштер бойынша, ГОСТ пен СанПиН-ге сәйкес 31,5%-дан 61,7%-ке дейін сәйкес келмейді. Бұл суда темір тұзы түзілуінің артуының (тат басқан, лай) жағдайы 90%.

### **Облыс бойынша 2002 жылғы су құбыры суының сапалық көрсеткіші**

Елді мекендер	Санитарлық-химиялық көрсеткіштер			Микробиологиялық көрсеткіштер		
	Сынама саны	Одан қан-сыз	Қан-сыз %	Сынама саны	Одан қан-сыз	Қан-сыз %
Бейнеу ауданы	228	11	4,8	282	7	2,48
Маңғыстау ауданы	245	2	0,81	294	2	0,68
Облыс бойынша барлығы	1522	416	27,3	2359	58	2,5

*Ескерту* : Түпқараған және Қаракия аудандарында су құбырлары желілері тозуына байланысты пайдаланылмайды.

Облыстық СЭС жүргізген су сынамаларына зертханалық талдау - Таушык селосында, Жыңғылды селосында, Форт-Шевченко қаласында органолептикалық қасиеттерін лайлануын, түсінің өзгеруін 1,5 - 2 есе нашарлататын қоспалардың көбірек түзілуін көрсетеді.

Кейбір көрсеткіштердің динамикасы, облыс халқы денсаулығының соңғы уақыттарда толықтай, облыс және жекелеген аймақтар бойынша ішінара нашарлағанын көрсетеді және аймақтың сапалы сумен қамтылуының қанағаттанғысыз ахуалын дәлелдейді.

Тиісінше сапалы ауыз суының тапшылығы, су құбырларының қанағаттанғысыз санитарлық-техникалық жағдайы тұрғындардың "А" вирусты гепатитімен, ішектің асқына қабыну инфекциясымен көбірек ауруына әкеледі.

Облыс тұрғындары тұтынатын ауыз суының тұрақсыз химиялық құрамы соматикалық аурудың жоғары деңгейі себептерінің бірі болып табылады, бірінші кезекте зәр жүру жүйелерінің (невриттер, невроздар, бүйрек инфекциясы мен зәр жүру орындары).

Ағынды суларды тазалау жөніндегі ғимараттардың мүлдем қанағаттанғысыз санитарлық-техникалық жағдайы саяжай-бақшалық учаскелерді суару үшін тазартуға дейінгі сулардың қайтадан пайдалануға мүмкіндігі жоқ, бұл бүгінде әлі тәжірибеге енген жоқ.

Каспий теңізінің аясы деңгейінің үнемі өзгеруі облыстың халық шаруашылығы кешеніне зиянын тигізеді. Теңіз деңгейінің жоғарылауынан Түпқараған, Маңғыстау, Қарақия, ішінара Бейнеу аудандарының аумақтарында, Бозашы түбегінің мұнайлы аумағында су басу орын алды.

Каспий теңізінің суы ұдайы күшті, желдің әсерінен бері лықсып, кері шегініп тұрады. Бері жағаға лықсудың орташа ұзақтығы 2 тәулік, жиілігі - жылына 15-20 рет жел. Теңіз суы жел кезінде 20-30 км аумаққа тереңдікке дендеп енеді. Су басқан алаңдар жыл сайын 500 мың га дейін жетіп отыр.

Теңіз деңгейінің тұрақсыздығы және жағаға лықсу - кейін шегіну құбылыстары қоршаған ортада жағдайға әсер ететін бірқатар келеңсіз экологиялық үрдістерді және топырақтың өсімдік өсетін құнарлы бетін тоздырады. Неғұрлым тез өзгеріс Бозашы түбегінің солтүстік және батыс бөлігінде, бұл әрекет топырақтың өсімдікті бетінің азуына, жердің тұздануына әкеледі.

Каспий аймағының табиғи ресурстарын қарқынды игеру, Каспий теңізінің жағалық аудандарында көмірсутегі шикізатын барлау мен өндіру жағалық су айдындары мен құрғақ жердің ластануына, аймақта күрделі экологиялық ахуалдың нашарлауына әкеледі. Әсіресе, бұл Каспий теңізі деңгейінің көтерілуіне байланысты және жағадағы мұнай кешендерін дауыл күндері толқын басып қалуы әсерінің күшейгендігінен шиеленісті.

Кенорындарын дайындау мен игерудің барлық технологиялық процестері қоршаған ортаны бұзу мен ластанудың себебі болып табылады. Ластанудың негізгі көздері мұнай және бұрғылау қалдықтары, ағынды сулар, көмірсутектер, күкірт тотықтары, азот, күкіртсутегі, газ конденсаты және басқалар. Мұнай мен газ кенорындарын игеру ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлердің көптеген аумағын алады. Мәселен, бұрғылау мұнараларынан 500-800 м радиуста өсімдіктердің 70-80 пайызы жойылады, ал 100 метр радиуста ол іс жүзінде жойылады. Бұрғылау қондырғыларын тасымалдауда, жолдар мен құбырларды төсеу кезінде де буталай аумақтық өсімдіктері жойылады.

Облыстың табиғи радиациялық аясы 8-10 мкр/сағ. деңгейіне жатады. Радиоактивтік сәуле шығару көздері мұнай өндіруші кәсіпорындар мен 2000 ж. дейін БН-350 шапшаң нейтронды тәжірибелік - өнеркәсіптік реактор жұмыс жасаған "МАЭК" РМК болып табылады. Барлық кәсіпорындарда қажетті сақтық іс-шаралары жүзеге асырылады. Ауыл тұрғындарының денсаулығына қолайсыз әсерін тигізетін нақты факторлардың бірі бұрынды мұнай кеніштерінде пайдаланған және жоғары радиациялық аясы бар сорғылық - сығымдағыш құбырлар мен басқа да жабдықтарды шаруашылық қажеттерінің кейбір жағдайларында оларды пайдалану болып табылады.

1969-1970 жылдары облыс аумағының Үстірт жазығында үш жерасты ядролық жарылыс жүргізілді. 1990 жылы облыстық комиссиямен бұл жерлер зерттелді, жарылыс болған кезде аумақта тұрған жергілікті тұрғындар есепке алынды, оларға медициналық тексерулер жүргізілуде. Адамдардың денсаулық жағдайында шынайы ауытқушылықтар байқалған жоқ.

## **2.5. Ауыл халқының демографиясы мен көші - қоны**

Маңғыстау облысының халқының саны 01.01.2002 ж. 328,2 мың адам құрады, оның ішінде ауыл халқы 76,2 мың адам (23,2%). 1.09.03 ж. жағдай бойынша облыстың ауыл тұрғындарының саны 4,3% артты және 79,2 мың адам құрады.

Облыстың барлық аудандары бойынша 2002 жылы облысшілік көші қонның теріс сальдосы байқалды, оның ішінде көпшілігі - Маңғыстау (-616 адам) және Қарақия (-417 адам) аудандарында. Басқа аудандар бойынша халықтың ағымы айтарлықтай емес екені байқалады: облысшілік көші - қон сальдосы Бейнеу ауданында 17 адам, Түпқараған ауданында 61 адам.

Жұмыс орындарының жетіспеуі, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың төмен деңгейі, ауылда дамыту мен демалыс үшін жағдайдың жастар үшін болмауы және басқа да проблемалар тұрғындарды неғұрлым қолайлы орындарға, негізінен Ақтау және Жанаөзен қалаларына, өз бетімен қоныс аударуға мәжбүр етеді. Аудандардың тұрғындармен толығыуы бала туудың өсуі және оралмандардың орналасу есебінен келеді.

Мәселен, 2002 жылы облысқа жақын және алыс шетелдерден 7236 адам яғни, 2223 отбасы оралмандар келді, олар аудандар бойынша мынадай санда орналасты:

- Бейнеу ауданы - 231 отбасы/764 адам;

- Қарақия ауданы - 146 отбасы/448 адам;
- Маңғыстау ауданы - 38 отбасы/120 адам;
- Түпқараған ауданы - 46 отбасы/109 адам.

Облыс халқының табиғи өсімі 2002 жылы 4680 адам құрады, бұл 2001 жылға 15,1% артық. Табиғи өсімнің көбірек артуы бала туу Қарақия ауданында - 25,7% байқалады. Облыс бойынша бала туудың жалпы коэффициенті 2001 жылғы 1000 адамға 20,43-тен, 2002 жылы 22,39-ға артты. Нәрестелердің шетінеу коэффициенті 1000 жаңа туылғандарға 27,86-дан 21,82 жағдайға дейін азайды.

Бейнеу ауданының халқы толығымен ауылдыққа жатады және облыстағы ауыл халқының 38,9% құрайды. Аудан орталығы - Бейнеу селосында 17,3 мың адам тұрады немесе аудан халқының 55,4%. Облысшілік көші-қонның теріс сальдосына қарамастан аудан бойынша көші-қонның жалпы сальдосы оң жинақталады. Аудан халқының толығыуы бала туудың өсуі мен оралмандардың ағыны есебінен келеді. Мәселен, 2002 жылы ауданға жақын және алыс шетелдерден 764 адам санымен 231 отбасы оралман, 2003 жылдың 9 айында - 195 отбасы (678 адам) келді.

Аудан бойынша 2002 жылы облыстағы ең жоғары бала туу коэффициенті (1000 жаңа туылғандарға 25,70 жағдайдан) және жалпы өлім (1000 қайтыс болғанға 7,02 жағдайдан) мен нәрестелер шетінеуінің ең төмен коэффициенттерінің бірі (1000 жаңа туылғандарға 16,40 жағдайдан).

Қарақия ауданы халқының саны соңғы жылдар бойында тұрақты. Ауданның ауыл тұрғындарының саны облыстың ауыл тұрғындарының жалпы санының 14,4% құрайды. Аудан орталығы Құрық селосында 4,8 мың адам тұрады немесе ауданның ауылдық тұрғындарының 42,1%.

Ауданның ауылдық елді мекендері бойынша көші-қонның теріс сальдосы байқалады (2002 жылы 454 адам), алайда бала туудың өсуі мен оралмандардың орналасуы халық санының тұрақтануына әкеледі. Өткен жылы ауданға 448 адам санымен 146 отбасы оралман, 2003 жылдың қаңтар-қыркүйегінде - 63 отбасы (223 адам) келді.

Аудан бойынша бала туу коэффициенті 2002 жылы 1000 адамға 18-ден 22,68-ға дейін артты, алайда аудан орталығында бала туудың төмен деңгейі байқалады 1000 адамға 14,24. Аудан бойынша нәрестелердің шетінеу коэффициенті орташа облыстық көрсеткіштен 26% жоғары (1000 тірі туылғанға 27,49 жағдайдан).

Маңғыстау ауданында халық саны толығымен ауылдық санатқа жататындықтан облыстың барлық ауыл халқының 36,1% құрайды. Аудан орталығы Шетпе селосында аудан халқының жалпы санының 36,7% тұрады немесе 10,5 мың адам.

Аудан бойынша көші-қонның жалпы сальдосы 2002 жылы теріс қалыптасты, алайда аудан халқының саны бала туу мен оралмандардың орналасу есебінен өсті. 2002 жылы ауданға жақын және алыс шетелдерден 120 адам санымен 38 отбасы оралмандар, ағымдағы жылдың қаңтар - қыркүйегінде 44 отбасы (133 адам) келді.

Бала туу коэффициенті 1000 адамға 2001 жылғы 22,88-ден 2002 жылы 23,43 жағдайға дейін өсті. Бала туудың көбірек көрсеткіші Оңды селолық округінде (39,45), азы - Қызан селосында (17,96) байқалады. Аудан орталығы Шетпе селосында бала туу коэффициенті 21,94 құрайды.

Түпқараған ауданының ауыл халқының саны 01.09.03 ж. жағдай бойынша 7,1 мың адам құрайды немесе облыстың ауыл халқының жалпы санының 8,9%. Ауданда сонымен қатар соңғы жылдары оралмандар ағыны байқалады: 2002 жылы 46 отбасы (109 адам), 2003 жылдың 9 айында - 19 отбасы (37 адам).

Ауданның АЕМ бойынша көші-қонның жалпы сальдосы 2002 жылы теріс қалыптасты. Алайда саны бала туудың артуы есебінен тұрақталуда. Аудан халқының табиғи өсімі 2001 жылмен салыстырғанда 24,8% артты. Бала туудың жалпы коэффициенті 1000 жаңа туылғанға 19, 30-дан 21,97-ға дейін артты, өлімнің жалпы коэффициенті 7,96-дан 7,82-ге дейін азайды. Бала туудың жоғары көрсеткіші Таушық селосында (21,48), азы Ақшұқыр селосы мен Тельман селосында (12,09) байқалады.

### **3. Ауылдық елді мекендер пункттерін әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу, бағалаудың әдісі мен өлшемі**

Маңғыстау облысының ауылдық елді мекендерінің әлеуетін анықтау ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі ұсынған әдіс пен өлшемге сәйкес әлеуметтік-экономикалық даму мен оларды бағалауға әсер ететін көптеген факторларды зерттеумен негізделді.

Жүргізілген талдау деректері көрсеткендей, Маңғыстау облысының барлық АЕМ орта әлеуетті дамудағы АЕМ санатына жатады (экология есебімен жиынтық баллы 41-ден 66-ға дейін), бұл заңға сйымды, дамудың табиғи - географиялық және әлеуметтік - экономикалық жағдайында олардың біртектілігі мен біртектілігін ескерілді.

Маңғыстау облысының АЕМ экономикалық әлеуеті көрсеткіштерінің жиынтық баллы 15-тен (Аққұдық селосы, өткізу базарынан қашықтығы-120 км) 29-ға дейінгі шегінде ауытқиды. Бұл көрсеткіштердің төменгі шамасы алдымен топырақтың төмен сапалы сипатымен және табиғи су көздерінің болмауымен түсіндіріледі, бұл ауылда экономикалық қызмет аясын айтарлықтай тарылтады.

Маңғыстау облысының АЕМ жиынтық баллында көп үлес, сомарлық мәні 15-30 балл шегінде ауытқитын, инженерлік инфрақұрылымдардың даму деңгейінің көрсеткіштерінде бар. Облыстық көпшілік АЕМ электр энергиясымен, байланыспен және төселген жол типтерімен қамтамасыз етілу дәрежесі бойынша маңызы өте жоғары.

Маңғыстау облысының АЕМ белгіленген нормаларға сәйкес әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз етілуінің басымдықты жоғары деңгейімен сипатталады. Бірақ, осыған қарамастан, әлеуметтік даму деңгейінде толықтай жағымсыз әсерлер, ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылуы мен табысының төмен деңгейін көрсетеді. Бұл әлеуметтік дамудың сомарлық баллында көрініс тапты, яғни орташа мәні жобамен 10 мүмкіндіктен 6-7 балл құрады.

#### **4. Ауыл аумақтарының дамуын мемлекеттік реттеу шаралары**

##### **4.1 Ауыл аумақтарын дамытуға бағытталған бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігі**

АЕМ жүргізілген жіктелулерге сәйкес әлеуметтік-экономикалық өлшем бойынша барлық елді мекендер орташа әлеуетті даму сотысында екендігі анықталды.

Сонымен қатар, ағымдағы бюджеттік жоспарлау ауыл аумақтарын дамытуға қаражатты жолдауда басымдықпен аудан орталығын қарастырады, ерекше жағдайларда қаржыландырумен неғұрлым ірі АЕМ қамтылған.

АЕМ дамуының орташа әлеуеті, болашақта оны дамытудың келешегі үшін алғы шарттарын құрады. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру үшін ауқымдар таңдауда басымдықпен әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылымдар объектілерінің құрылыстарын салу мен қайта жаңарту, қайта өңдеу өндірістері анықталды.

Республикалық бюджетте 2004 - 2006 жылдардағы кезеңде облыстың АЕМ іс-шараларды іске асыруға жалпы сомасы 1830,5 млн. теңге қаражат қарастырылды, оның ішінде білім беруге 698,6 млн. теңге, денсаулық сақтауға - 665,8 млн. теңге, сумен қамтуға 287,1 млн. теңге. Сонымен қатар селолық әкімдердің аппараттарын құруға 179 млн. теңге көлемінде қаражат қарастырылды.

Жергілікті бюджеттен ауыл аумақтарын дамытуға 3169,4 млн. теңге бағыттау жобалануда, оның ішінде білім беруге 1276,4 млн. теңге, денсаулық сақтауға 260 млн. теңге, мәдениетке 196,7 млн. теңге, туризм мен спортқа 12,0 млн. теңге, тұрғын үйге 93,0 млн. теңге, сумен қамтуға 356,3 млн. теңге, газдандыруға 711 млн. теңге, ауыл жолдарына 179 млн. теңге, экологиялық проблемаларды шешуге 48 млн. теңге. Ауыл шаруашылығы өндірісін кеңейту мен дамытуға 37 млн. теңге қаралды.

Сонымен қатар 1117,3 млн. теңге көлемінде тікелей инвестиция тарту және кәсіпорындар мен облыс тұрғындарының өзіндік қаражаттарын пайдалану қарастырылуда, оның ішінде: білім беруге 108,1 млн. теңге, мәдениетке 45,0 млн. теңге, туризм және спортқа 96 млн. теңге, тұрғын үйге 670,3 млн. теңге, сумен қамтуға 57,8 млн. теңге, экономикалық қызмет саласын кеңейтуге 140,1 млн. теңге.

##### **4.2 Ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуі мен экономикалық қызмет саласының кеңеюі, көлемі мен қаржыландыру көздері**

Ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуі мен экономикалық қызмет саласының кеңеюі, көлемі мен қаржыландыру көздері

Ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуі мен экономикалық қызмет саласын кеңейтуге бағытталған іс - шаралар мынадай бағыттарды қамтиды:

- ауыл шаруашылығы малдарын сою жөніндегі пункттерді ашу, мал басын өсіру, ғылыми негізделген агротехнологияны енгізу, қойды қолдан ұрықтандыру пункттерін құру есебінен агроөндірісті дамыту.



Жүргізілген іс-шаралар мал шаруашылығының жалпы өнімі көлемінің артуына мүмкіндік туғызады. Асыл тұқымды мал шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың негізгі формасы асыл тұқымды малдың тектілік аясын сақтау мен қалпына келтіруге бағытталған іс шараларды қаражаттандыратын болады. 30% дейін арзандатылған асыл тұқымды өнімдерге қол жеткізілімін қамтамасыз ету белгіленді.

Соңғы жылдары облыс бойынша толықтай малдың барлық түрінің басы орташа 5-6% тұрақты артқаны байқалады, қалыптасқан қарқынды жоспарланған кезеңде де қолдау және арттыру жоспарлануда.

*- өткізу рыногын іздеу мен кеңейту, ол үшін ел шегінде, сондай ақ шет елдерде шаруашылық субъектілерімен байланысты кеңейту қарастырылуда.*

Мал шаруашылығының өнімі, негізінен, аймақтың ішкі рыногында сатылады, ішінара жүн Россияға экспортталады, алайда қазіргі уақытта жүн мен теріден дайындалатын бұйымдар жөніндегі өндірістер ұйымдастыруға және осы өнімдерді облыс шегінде сатуға мүмкіндік бар. Сүт ағарған өнімдерін өндіру көлемі бірте бірте өсіп келеді, атап айтқанда қымыз, шұбат өндірісі дамуын алды. Жоспарлы кезеңде Түпқараған ауданының "Таушық" ААҚ мамандандырылған емдеу орындарында пайдаланылатын құрт ауруларын емдеу үшін алдын алу және емдеу құралдарының бірі ретінде қолданылатын және тұрғындар кең сұраныспен пайдаланатын шұбат - өнімдерін шығару және ПЭЫ құтыға құю жөніндегі өндірістер кеңейтілетін болады. Осындай өндірістер Бейнеу селосында ашылатын болады.

*- жаңа қайта өңдеу кәсіпорындарын ұйымдастыру және өнімнің жаңа түрлерін өндіру.*

2004 - 2006 жылдардағы орташа мерзімді кезеңде жүн жуу және қайта өңдеу бойынша 3 цех, тері шикізатын өңдеу бойынша 2 цех, шұжық өндіру жөніндегі цех, макарон өнімдерін өндіру жөніндегі цех ашылатын болады. Сонымен қатар, жылына 100 т. өнім өндіретін МІҚМ сүтін өндіру жөніндегі цехымен қоса 200 бас малға арналған сүт тауар фермасын ашу қарастырылуда. Жүргізілген іс шаралар ауылда жұмыссыздық санын қысқартуға бейімдейтін болады, қосымша 100-ден астам жаңа жұмыс орындары құрылатын болады, ауылдық елді мекендердің өз тамақ өнімдерімен және халық тұтынатын тауарлармен өзін өзі қамтамасыз етуі жақсарады.

*- экономикалық қыматтің жаңа түрлерін іздестіру.*

Ауыл шаруашылығын кеңірек дамытуға шектелген мүмкіндіктер, негізінен егіншілік, яғни ерекше табиғи климаттық жағдаймен байланысуы ауылда экономикалық қызметтің жаңа түрлерін іздестіру мен енгізуді талап етеді.

АЕМ тұрмыстық қызмет көрсету желілері, дүкендер кеңейтілетін болады. Сонымен қатар, тас ұлутас өндіру жөніндегі жаңа карьерлер жасақталатын және пайдаланылатын болады.

Барлық аудан орталықтарында ауыл шаруашылығы өндірушілеріне ақпараттық - маркетингтік қызмет көрсету жөніндегі жұмыстар жалғаса беретін болады.

Ауыл шаруашылығы өндірушілерін қажетті техникамен және жөндеу базаларымен қамтамасыз ету мақсатында қолдағы барға қосымша Қарақия ауданы Құрық селосында МТС құрылатын болады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өндірушілеріне ауыл шаруашылығы техникаларын лизингке, сондай ақ тауарлы несие мал, тұқымдық материал және басқалай түрінде сатып алу және ұсыну мақсатында "Маңғыстауагросервис" МҚК жарғылық қорын толықтыруға жергілікті бюджеттен жылына 50 млн. теңгеден кем емес мөлшерде қаражат бөлу жалғасатын болады.

Сонымен қатар, облыс обаның таралуының оқшаулап шектелген ошағына жатқызылды, малды мезгілінде және толықтай вакциналау, оларды бүргеден тазарту және барлық аудан орталықтарында мал көму ошақтарының құрылыстарын салу жөніндегі іс шаралар қарастырылуда.

Агроөнеркәсіптік секторды дамыту мен ауыл шаруашылығы өндірістерін кеңейтуге бағытталған іс шараларды іске асырудың жалпы көлемі 177,1 млн. теңге құрайды.

Жергілікті бюджет қаражатынан мынадай іс-шаралар қаржыландырылатын болады:

- суармалы учаскелерді дайындауға 4 млн. теңге;
- қойды қолдан ұрықтандыру пункттерін құруға 3 млн. теңге;
- жергілікті деңгейде мал дәрігерлік іс шараларға жәрдем көрсетуге 30 млн. теңге.

Басқа көздерден қаржыландырылатын негізгі іс - шаралар:

- Бейнеу селосы мен Шетпе селосында мұздатқыш камерасы мен мал өнімдерін қайта өңдейтін тиісті цехтары бар 2 мал сою пунктiнiң құрылыстары 40 млн. теңге;

- Бейнеу селосында шұбат дайындау және ПЭЫ құю жөнiндегi цех құрылысы 12 млн. теңге және Таушық селосындағы жұмыс iстеп тұрған цехты кеңейту құрылысы 5 млн. теңге;

- Бейнеу селосында жүн жуу жөнiндегi желi құрылысы 15 млн. теңге, Шетпе селосында 15 млн. теңге;

- Құрық селосында 200 бас МІҚМ сүт-тауар фермасын ашу - 3,7 млн. теңге.

#### **4.3 Инженерлік инфрақұрылымның дамуы, көлемі мен қаржыландыру көздері**

Инженерлік инфрақұрылымдарын дамыту жөнiндегi iс-шараларда 2004 - 2006 жылдары 1,6 млрд. теңге шамасында қаражат бағытталатын болады, оның iшiнде республикалық бюджеттен 287,14 млн. теңге, жергiлiктi бюджеттен 1246,3 млн. теңге, басқа көздерден 57,8 млн. теңге.

##### **4.3.1. Сумен қамту**

Топтық су құбырларының техникалық жағдайының, қанағаттанғысыздығы тұрғындар тұтынатын ауыз суының төмен сапасы бірқатар іс-шараларды орындауды қажет етеді:

- *Сумен қамту және канализация жүйелері объектілерін қайта жаңартуды және техникалық қайта жарактандыруды жүзеге асыру;*

Жоспарланған кезеңде ұзындығы 7 км «Қарағайлы-Қызыләскер» су құбырын қайта жаңарту, 2 АЕМ канализациялық тазалау имараттарын (КТИ) қайта жаңарту қарастырылған.

*- халыққа суды тазалау және жеткізу мәселелерін шешу;*

Тұрғындардың сапалы ауыз суын тұтынуын қамтамасыз ету мақсатында 11 ауылдық елді мекенде 157,8 млн. теңге жалпы сомасында су тазалау және су тұщыту қондырғылары қондырылатын болады,

*- Сумен қамтудың жаңа объектілерінің құрылыстары;*

- Ұзындығы 13 км Тұщықұдық - Шебір су құбырының құрылысы жоспарланды, 4 елді мекенде жалпы ұзындығы 30,9 км кентішілік су құбыры; 5 АЕМ суға арналған әртүрлі сыйымдылықтағы резервуарлар.

*- кейбір елді мекендерде бар жерасты су кенорындарын тиімді пайдалану жөніндегі іс-шараларды іске асыру.*

Сумен қамтудың балама көздерін құру мақсатында ауылдық елді мекендерге шекаралас ауыз суының барланған кенорындарында 5 ұңғыманы бұрғылау жоспарлануда.

Ауылдық елді мекендерде толықтай сумен қамту жүйесін дамытуға 701,2 млн. теңге бағытталынатын болады, одан республикалық бюджет қаражаты есебінен 287,1 млн. теңге, жергілікті бюджет қаражаты есебінен - 356,3 млн. теңге, басқа көздерден 57,8 млн. теңге тартылатын болады.

#### **4.3.2. Электрлендіру**

Аймақтық барлық елді мекендері толықтай электрлендірілген, электр энергиясын беруде үзіліс іс жүзінде болмайды. 2007 - 2010 жылдардағы кезеңде энергия беруші қондырғылардың қуатын арттыру мен қайта жаңартуды қажет етеді, бұл ауылда өндірістердің өсу келешегімен және халық санының артуымен, әлеуметтік инфрақұрылымның дамуымен байланысты. Аталған іс-шаралар «МРЭК» ААҚ өзінің өндірістік бағдарламасы шегінде өткізілетін болады.

#### **4.3.3. Ауыл жолдары**

Ауыл жолдарын дамыту жөніндегі іс-шаралар Маңғыстау ауданында ұзындығы 15 км Көндікұдық - Тұщықұдық жолының құрылысы, Түпқараған ауданының Таушық селосындағы жолдарда асфальт төсеу құрылысы қарастырылды. Бұл мақсат үшін жергілікті бюджеттен 179 млн. теңге бөлу қарастырылуда.

Сонымен қатар, 2001 - 2005 жылдарға арналған автомобиль жолдарын дамытудың аймақтық бағдарламасына сәйкес жыл сайын облыстық маңызды жолдарды, қалаішілік және кентішілік жолдарды ұстау, ағымдағы және күрделі жөндеу жөнінде іс-шаралар өткізілетін болады.

#### **4.3.4. Байланыс, телефондандыру**

Ауыл байланысын дамыту міндеттерінің есебімен 2004-2010 жылдары мынадай іс-шаралар қарастырылады:

- облыстың 23 ауылдық елді мекенінде жұмыс жасап тұрғандарын жетілдіру және осыған ұқсас АТС-ты сандыға ауыстыру жолымен телекоммуникацияның жаңа коммуникациялық жүйесінің құрылысын салу;

- абоненттердің қалааралық және халықаралық желілерге қол жетілімін қамтамасыз ету;

- радио жетістігі (WWL) мен радио ұзартылымын енгізу;

- аудан орталығы село учаскелерінде ИКМ 30 беріліс жүйесі қондырғыларын араластырумен СТС алғашқы желісін сандандыру;

- алыс және жетісуі қиын аудандарда байланыстың ДАМА типті спутниктік желісін енгізу. Жоспарланған кезеңде 5 елді мекенде байланыстың спутниктік жүйесі қондырылатын болады.

Сонымен қатар, облыстың ауылдық елді мекендерінде пошта байланысының желісін кеңейту және сапасын арттыру шаралары қабылданатын болады.

Аталған іс-шаралар "Қазақтелеком"»ААҚ мен "Қазпошта" ААҚ филиалдарымен бұл компаниялардың өндірістік бағдарламаларында қаралған сома шегінде өткізілетін болады.

#### **4.3.5. Газдандыру**

Ауылды газдандыру жөніндегі іс-шаралар ауылдық елді мекендерінде газ құбырлары желісінің құрылысын, оларды газдандыруды қамтамасыз етуді қарастыруда, осы мақсат үшін жергілікті барлығы 711,0 млн. теңге жолданатын болады.

Барлық іс-шаралар жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын болады, осы мақсат үшін барлығы 677,0 млн. теңге бағытталанатын болады. Неғұрлым ірі жобалар 375,0 млн. теңге көлемінде кентішілік төсеуімен "Жетібай - Құрық"»газ құбырының құрылысы және 131,5 млн. теңге сомасында ұзындығы 64,7 км "Тұщыбек - Жыңғылды" газ құбырын төсеу болып табылады.

#### **4.4. Әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы**

##### **4.4.1. Білім беру**

Ауылда білім беру жүйесін дамыту 2005 жылға дейін "Ауыл мектебі" бағдарламасы мен "Маңғыстау облысының 2001 - 2005 жылдарға арналған білім беру жүйесін жетілдіру" аймақтық бағдарламасы шегінде жүзеге асырылатын болады.

2010 жылға дейін ауылда білім беру сапасын арттыру және жетістікке жету үшін қарастырылатындар:

- ауылдық жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдар желісін дамыту;

Алда тұрған кезеңде 7 ауылдық елді мекенде 4 жаңа үлгідегі мектеп пен 2625 оқушы орындық жалпы білім беретін мектептер үшін 4 жаңа ғимарат, 6 АЕМ 113 млн. теңге сомасында жалпы білім беретін мектептердің спорт залдары құрылыстарын, 2

АЕМ 40 млн. теңге сомасында мектептерге қосымша құрылыстар салу жоспарлануда. Сонымен қатар кейбір білім беру объектілеріне күрделі жөндеу, Қарақия ауданы Сенек селосында 50 орындық балалар бақшасы құрылыстарын салу белгіленді.

- Ауылдық мектептердің материалдық - техникалық базаларын нығайту, оларды компьютер техникаларымен, спорт бұйымдарымен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

Жоспарланған кезеңнің соңына дейін барлық әрекеттегі және жаңадан кірісетін жалпы білім беретін мектептер, колледждер, кәсіптік мектептер ауылдық жерлерде қажетті мөлшерде оқулық және көрнекі құралдармен, компьютер техникаларымен, пәндік зертхана жабдықтарымен жасақталатын болады, сонымен қатар ескірген жиһаздар ауыстырылатын болады.

- Ауылдық білім беру ұйымдарын Интернет коммуникациялық желісі арқылы Қазақстанның бірыңғай білім беру желісіне қосу жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

- Жоғары және орта кәсіптік оқу орындарын бітірген және ауылдық жерлерге жұмыс үшін келген жас мамандарды жергілікті бюджет есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету.

Бұл мақсат үшін ауылдық елді мекендерде бірінші кезекте бюджет саласы қызметкерлерін, оның ішінде мұғалімдерді тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін муниципальды тұрғын үй құрылыстары жүзеге асырылатын болады.

Ауылдық білім беруді дамытуға барлығы 2083,1 млн. теңге бағытталатын болады, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен 698,6 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 1276,3 млн. теңге, басқа көздерден (демеушілік қаражаттар) 108,1 млн. теңге. Республикалық бюджет қаражаты тек білім берудің жаңа объектілерінің құрылыстарына қарастырылған; жергілікті бюджет қаражатынан құрылыс салу мен жөндеуден басқа, сонымен қатар білім берудің ауылдық ұйымдарының материалдық - техникалық базасын нығайту жөнінде іс шаралар жоспарлануда.

Жоспарда 2006 жылдың соңына дейін қаралған қаражат есебінен күрделі қаржы шығынының жүзеге асырылатындары:

- білім беру объектілерінің құрылысы мен жөндеу - 1506,2 млн. теңге сомасында;
- білім беру объектілерін қажетті компьютер техникаларымен қамтамасыз ету, білім беру ұйымдарын Интернет желісі арқылы Қазақстанның бірыңғай білім беру желісіне қосу - 34,3 млн. теңге сомасында;
- мектеп жабдықтарын сатып алу 21,0 млн. теңге;
- білім беру ұйымдарын оқулық және көрнекі құралдармен толықтыру 111,2 млн. теңге.

Сонымен қатар, ауылдық елді мекендерде білім беруді дамытуға мынадай ағымдағы шығындар қарастырылуда:

- білім беру объектілерінің материалдық - техникалық базасын нығайту 60,3 млн. теңге сомасында;

- аз қамтылған отбасылардың оқушылары үшін киімдер, аяқ киімдер, мектеп қажеттіліктерін сатып алу 19,7 млн. теңге сомасында;

- аз қамтылған отбасылар оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету 208,5 млн. теңге сомасында;

- жақын елді мекендерден оқушыларды тасымалдау - 4,4 млн. теңге сомасында.

#### **4.4.2. Денсаулық сақтау**

Ауылда денсаулық сақтау жүйесін басымдық бағытпен дамыту болып қалатындар:

- әрбір ауылдық елді мекеннің тұрғындары үшін медициналық және фармацевтік көмекке қол жеткізілімін қамтамасыз ету;

- ауылда көрсетілетін амбулаториялық емханалық көмектің сапасын жақсарту, оның ішінде денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық - техникалық базасын нығайту, автомобиль көлігімен және басқа да қажетті материалдық техникалық ресурстармен қамтамасыз ету, мемлекеттік емес медицина ұйымдары желісін дамыту, медицина қызметкерлерінің біліктілігін көтеру есебінен;

- салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Ауылдық денсаулық сақтау ісін дамытуға барлығы 925,8 млн. теңге бағытталынатын болады, оның ішінде республикалық бюджеттен 665,8 млн. теңге, жергілікті бюджеттен 260 млн. теңге.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен Маңғыстау ауданы Шетпе селосында 213,8 млн. теңге көлемінде 50 төсектік туберкулез ауруханасы мен Қарақия ауданы Жетібай селосында 452,0 млн. теңге көлемінде 100 төсектік аудандық аурухана құрылыстарын салу қарастырылуда.

4 денсаулық сақтау объектісіне жергілікті бюджет қаражаты есебінен 23 млн. теңге сомасында күрделі жөндеу, 65,0 млн. теңге сомасына Маңғыстау ауданы Ақшымырау селосында медицина қызметкерлері үшін тұрғын үйімен қоса ФАП құрылыстарын салу және Бейнеу ауданы Бейнеу селосында аудандық емханаға қосымша құрылыс салу жүзеге асырылатын болады. Ауылдық денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базаларын нығайту және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жалғасатын болады, іс жүзінде барлық елді мекендерде ауылдық учаскелік ауруханалар, АДА мен ФАП үшін медициналық жабдықтар мен керек-жарақтар сатып алынатын болады.

#### **4.4.3. Мәдениет**

Ауылда мәдениет саласында қарастырылатын шаралар:

- жұмыс жасамайтын мәдениет мекемелерін қалпына келтіру, жаңа объектілер құрылыстарын салу;

Қазіргі уақытта іс-шаралар жүргізіліп жатыр. Бейнеу ауданы Бейнеу селосында мұражай ғимаратының құрылысы басталды, аяқтау мен пайдалануға беру 2004 жылға жоспарланған. Жоспарланған кезеңде 5 ауылдық клуб жөнделетін болады, 500 орындық 3 жаңа ауылдық клуб құрылысын салу жүзеге асырылатын болады.

- Мемлекеттік мекемелер мен мәдениет кәсіпорындарының материалдық - техникалық базаларын нығайту;

Облыстың ауылдық жерлеріндегі көпшілік жұмыс жасап тұрған клуб мекемелері музыкалық құрал жабдықтармен, техникамен жарақтандырылатын болады, сахналық костюмдер жанартылатын, киноқондырғылары үшін киножабдықтары сатып алынатын болады.

- Ауылдық кітапханаларды кітап қорымен толықтыру;

Жоспарлы кезеңнің соңына дейін ауылдағы барлық кітапхана мекемелері жаңа кітап қорымен қосымша қамтамасыз етілетін болады.

- әртүрлі топтағы ауыл тұрғындарының дәстүрлі және қазіргі заманғы мәдениеттің құндылығына кең қол жеткізілімін қамтамасыз ету;

- клубтық құрылымдарға жағдай жасау және қолдау көрсету.

Ауылда толықтай мәдениетті дамытуға 241,7 млн. теңге көлемінде қаражат қарастырылды, оның ішінде жергілікті бюджеттен 196,7 млн. теңге, Қарақия ауданы Сенек селосында 200 орындық клуб құрылысын салуға бағытталған, басқа көздерден 45,0 млн. теңге.

#### **4.4.4. Тұрғын үй**

Ауылда тұрғын үй құрылысын салуды дамыту мынадай іс-шараларды қарастырады :

- жеке тұрғын үй құрылысын салу үшін жағдай жасау;

- бюджеттік сала қызметкерлері үшін, оның ішінде мұғалімдер, дәрігерлер, муниципальды тұрғын үйлер құрылысын салу.

Ауылда тұрғын үй саясатын іске асыруға 763,3 млн. теңге көлемінде қаражат, оның ішінде жергілікті бюджеттен 93,0 млн. теңге бюджеттік сала қызметкерлері мен басқа да халықтың әлеуметтік мүжәлсіз топтарына арналған тұрғын үй құрылыстарына бағытталатын болады.

Жеке тұрғын үй құрылысы болашақта дамуын алатын болады, осы мақсатқа қаражат көлемі 670,3 млн. теңге құрайды.

#### **4.4.5. Туризм және спорт**

Аймақта туристік инфрақұрылым құру жөніндегі іс-шаралар іске асырылатын болады, сондықтан әрекеттегі маршруттарға сервистік объектілер - қонақ үйлер, тез тамақтану орындары, кемпингтер, демалыс орындары және басқалар құрылатын болады. Ауылда көпшілік спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмыстар жанданды.

Барлық жоспарланған кезеңде ауылдық елді мекендерде туризм мен спортты дамытуға қаржыландырудың барлық көздері есебінен 108,0 млн. теңге, оның ішінде спорт-көпшілік және дене тәрбиесі сауықтыру іс шараларын өткізуге - 12,0 млн. теңге жергілікті бюджет қаражаты, туристік инфрақұрылымдарды дамытуға - 90 млн. теңге жеке кәсіпкерлер қаражаты қарастырылады.

Сонымен қатар, білім беру саласында спорт залдар желісін кеңейтуге жалпы білім беретін мектептерге екі қосымша құрылыс салу жүзеге асырылатын болады, кәсіпорындар қаражатын тарту есебінен - ауылдық спорт ғимараттарын қажетті керек - жарақтармен толықтыру жүзеге асырылды.

#### **4.5. Ауыл аумақтарының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

Маңғыстау облысының селолық аудандары тұрғындарының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғындардың науқастануын азайтуға, аудандар мен облыс бойынша толықтай экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған шаралар кешенін жасақтауды және іске асыруды жобалайды.

Облыстағы бірінші дәрежелі проблема «Ауыз су» бағдарламасы шегіндегі іс шараларды іске асырумен байланысты сумен қамту мен ауыз су сапасын шешу болып табылады. Атап айтқанда, су құбырларының жаңа құрылысын салу мен ескісін қайта жаңарту әзірленетінде су тұщыту және су тазалау имараттары құрылыстарын салу жобалануда, яғни тұтынатын ауыз суының сапасының едәуір жақсаруына мүмкіндік жасайды. 2004 - 2006 жылдардағы кезеңде су тұщыту жүйесі қондырғыларымен Түпқараған ауданының Тельман елді мекені, Таушық селосы, Қарақия ауданының Сенек селосы, Аққұдық елді мекені қамтылатын болады. Еділ суы құрамындағы көп қоспаны ескеріп, Маңғыстау ауданының Өтес селосында, Қарақия ауданының Құланды селосында, Бейнеу ауданының Сарға, Боранкөл, Ақжігіт, Есет, Төлеп селоларында су тазалау жүйелері құрылыстары жоспарлануда.

Сонымен қатар Бейнеу ауданының Бейнеу селосы мен Маңғыстау ауданының Өтес селосында ағынды суларды тазалау имараттары кешенінің жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және құрылысын салу жоспарлануда.

Бұл жобаларды іске асыру отандық және шетел мұнай компанияларының, «Қазақстан темір жолы» ЖАҚ техникалық және қаржылай қолдауымен жүзеге асырылатын болады.

Жоғарыда айтылған жобаларды іске асыру үшін қажетті қаржы ресурстарының көлемі толықтай мынаны құрайды:

- Бейнеу ауданы бойынша - 278,8 млн. тг.;
- Қарақия ауданы бойынша - 78,8 млн. тг.;
- Маңғыстау ауданы бойынша - 291,1 млн. тг.;
- Түпқараған ауданы бойынша - 52,5 млн. тг.

Бейнеу ауданының тұрғындары үшін үлкен қауіп, үстірт жазығындағы жерасты жарылыстарының зардаптары болып табылады. Осыған байланысты Маңғыстау облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы Үстірт жазығындағы жерасты жарылысының зардаптарын зерттеу бойынша жергілікті бюджеттен 8 млн. теңге сомасында іс шаралар жүргізетін болады, және қажетіне қарай болашақта оны жою жөнінде іс-шаралар жүргізіледі. Сенек селосында көшпелі құмның басып қалмау жобасы іске асырылады, оған жергілікті бюджеттен 15 млн.теңге көзделген.



Жоспарланған кезеңде сонымен қатар Бейнеу селосында жергілікті бюджет қаражаты есебінен 13 млн. теңге көлемінде ірі тұрмыс қалдықтарына арналған алаң мен әрбір аудан орталықтарында 2 млн. теңге сомасында өлекселерді көму құрылыстарын салу қарастырылды.

### **5. Ауыл тұрғындарының көші-қон ағынын басқару**

Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша АЕМ жүргізілген жіктелуге және экологиялық өлшемге сәйкесті бағасына орай аймақтың барлық ауылдық елді мекендері дамудың орта әлеуетін иемденеді және одан әрі дамуға нақты мүмкіндіктері бар.

Ауылдық жерлерде, атап айтқанда, алыс елді мекендерде, халық басымдықты мал шаруашылығымен қамтылған. Облыстың барлық елді мекендері алғашқы медициналық - санитарлық көмекпен, жалпы білім беретін мектептермен қамтамасыз етілген, телефон және көлік байланыстары тартылған. Аз санды алыс ауылдар үшін оқушыларды оқу орындарына дейін жеткізу ұйымдастырылған. Осындай жағдайда кейбір елді мекендерден тұрғындарды көшіру қажет етілмейді.

Сонымен қатар экологиялық қауіпті аудандардан тұрғындарды көшірудің проблемасы жоқ, алайда жоғарыда көрсетілген экологиялық проблемаларды шешу, қоршаған ортаны қорғау бойынша іс - шараларды жандандыру қажет.

Кейбір елді мекендерде тұрғындар ағынын азайту және ауылға еңбекке қабілетті тұрғын халықты, жастарды тарту мақсатымен, халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданатын болады: қосымша қайта өңдеуші өндірістер ашу үшін жағдай жасалады, экономикалық қызметтің басқа түрлерін кеңейту, оның ішінде сервистік секторды (қонақ үй, тамақ дайындау жөніндегі пункттер, әртүрлі шеберлік және басқа да өндірістер құрылысын салу) дамыту. Сонымен қатар, көлік, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту бойынша шаралар қабылданатын болады, бұл өз кезегінде елді мекендердің тартымдылығы мен олардың болашақта дамуына бейімделетін болады.

### **6. Заңнамалық қамтамасыз ету**

#### **Ауыл жолдары**

Жол қызметін қаржыландыру "Автомобиль жолдары туралы"»ҚР Заңының 17 бабына сәйкес қаралды.

#### **Байланыс, телефондандыру**

Байланысты дамыту жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру "Байланыс туралы" ҚР Заңының 7 бабына және ҚР Үкіметінің 06.09.96 ж. N 1091 қаулысына сәйкес жүзеге асырылатын болады, яғни жалпы байланыстағы телекоммуникацияның бірыңғай желісінің ұлттық операторы болып "Қазақтелеком" ААҚ анықталды.

#### **Газдандыру**

Қаржыландыру Бюджеттік кодекс жобасының 66 бабының 6 тармағына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен қарастырылды.

## **Тұрғын үй**

Қаржыландыру Бюджеттік кодекс жобасының 67 бабының 5 тармағына сәйкес облыстық маңызды аудандардың (қалалардың) тұрғын үй қорын сақтауға, жергілікті бюджеттен азаматтардың жекелеген топтарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге қаралды, сондай-ақ жеке тұрғын үй салушылардың қаражатты пайдалануға қарастырылады.

### **7. Қаржылай қамтамасыз ету**

Осы бағдарламаны іске асыру үшін 2004-2006 жылдардағы кезеңде 6,1 млрд. теңге қажет етеді, оның ішінде республикалық бюджеттен - 1,83 млрд. теңге, жергілікті бюджеттен - 3,2 млрд. теңге, сонымен қатар - 1,1 млрд. теңге көлемінде кәсіпорын қаражаттары тартылатын болады. Қаржы ресурстары жылдар бойынша мынадай н ұ с қ а д а б ө л і н е д і :

Республикалық бюджет	-	1,83	млрд. теңге, оның ішінде:
2004 ж.	-	0,6	млрд. теңге;
2005 ж.	-	0,43	млрд. теңге;
2006 ж.	-	0,8	млрд. теңге;
жергілікті бюджет	-	3,2	млрд. теңге, оның ішінде:
2004 ж.	-	1,0	млрд. теңге;
2005 ж.	-	1,2	млрд. теңге;
2006 ж.	-	1,0	млрд. теңге;
басқа көздерден	-	1,12	млрд. теңге, оның ішінде:
2004 ж.	-	0,45	млрд. теңге;
2005 ж.	-	0,4	млрд. теңге;
2006 ж.	-	0,27	млрд. теңге;

2010 жылдың соғына дейін 2004 - 2006 жылдарға арналған барлық қарастырылған іс - шаралар жалғасатын болады. Бұл мақсат үшін әртүрлі көздерден шамамен 5-6 млрд. теңге бағытталатын болады.

### **8. Бағдарламаның алғашқы кезеңін іске асырудан күтілетін нәтижелер**

#### **Ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуі және экономикалық қызмет саласының кеңеюі**

Қойылған мақсаттарды іске асыру нәтижесінде ауыл тұрғындарының табысын арттыру бойынша ауылда қосымша 10-нан астам жаңа өндірістер іске қосылатын, шамамен 170 жаңа жұмыс орны құрылатын болады. Ауыл шаруашылығы емес кәсіпті жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасалады, бұл үшін дүкендердің, дүңгіршектердің қосымша сандары, тұрмыстық қызмет көрсетудің 9 жаңа объектісі а ш ы л а т ы н б о л а д ы .

Малдың барлық түрінің мал басы санын болашақта арттыру бойынша да, оның ішінде оба ошағы мен басқа да инфекциялық аурулардың қозуын болдырмау мақсатында ауыл шаруашылығы малдарын уақытында вакциналау бойынша шаралар қабылданатын болады, яғни бұл - мал басы санын өлімінің азайтуға әкелуі мүмкін. 2006

жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 2003 жылмен салыстырғанда 9,3 % өседі, оның ішінде мал шаруашылығының өнімі - 9,3 %, егін шаруашылығының өнімі - 7,5 %.

**Сумен қамту** Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде ауыл халқының сапалы ауыз суға қолының жетуі қамтамасыз етілетін болады. 50 км астам су құбырлары желісі қайта жаңартылады және жаңадан салынатын, екі АЕМ канализациялы тазалау имараттары салынатын, ішу мақсаты үшін жерасты көздерінің суын тұтынатын 11 ауылдық елді мекендегі су тазалау және су тұщыту қондырғылары жөнделетін болады.

**Байланыс, телефондандыру** Радио жетістігі мен радио ұзартылымын енгізу және ауылдық елді мекендерді телефондандыру проблемаларын шешу аудан және облыс орталықтарымен байланысты, сондай-ақ қалааралық және халықаралық байланыстарды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. 5 АЕМ байланыстың ДАМА типті спутниктік желісі қондырылатын, 23 АЕМ аналогтық АТС сандыға ауыстырылатын болады. Нәтижесінде барлық ауылдық елді мекендер 100% телефондандырылатын болады.

**Ауыл жолдары** 200 км шамасында ауылдық автомобиль жолдары жөнделетін және салынатын болады, оларды ұстау және ағымдағы жөндеу бойынша шаралар қабылданды, бұл елді мекендер мен аудан орталықтары арасында мықты байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды.

**Білім беру** Жоспарланған кезеңде барлық АЕМ нормативтерге сәйкес білім беру объектілерімен қамтамасыз етілетін болады. Жалпы қуаты 2625 орынды 8 жаңа мектеп салынатын болады, ауылдық жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың оқушы орындарымен қамтамасыз етілуі тиісінше артады. Барлық мектептерді компьютер техникаларымен, көрнекі құралдардың қажетті мөлшерімен, оқулықтардың жаңа легімен толықтыру есебінен білім беру сапасы едәуір артады.

### **Д е н с а у л ы қ                      с а қ т а у**

Жоспарланған кезеңде 4 елді мекенде денсаулық сақтаудың жаңа объектілері құрылыстарын салу және ашу, әрекеттегі объектілерді күрделі жөндеуді жүзеге асыру есебінен ауыл тұрғындарына арналған медициналық көмектің жетістігі мен сапасы артады. Ауылдық денсаулық сақтау ұйымдарының қазіргі заманғы медициналық жабдықтармен және керек жарақтармен жарақтануы жақсарады, олардың дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуі жақсарады. Денсаулық сақтау ісін дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша қабылданған шаралар нәтижесінде ауыл халқының науқастануы мен өлуін азайтады.

**Мәдениет** Ауылда мәдениет ұйымдары желісін кеңейту, ауылдық мәдениет үйлерінің материалдық-техникалық базаларын, ауылдық кітапханалар мен клубтарды нығайту бойынша қабылданатын шаралар ауылдық елді мекендер тұрғындарының ұйымдасқан демалысын қамтамасыз етуге, мәдениеттің құндылығына өскелең ұрпақты

телуге, ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыруға, жастардың ауылдан кетуін азайтуға мүмкіндік жасайды. 4 елді мекенде жаңа мәдениет объектілері салынатын болады.

**Тұрғын үй** 2004 - 2006 жылдардағы кезеңде ауылда 150 мың шаршы шамасында жекемен қатар, муниципалды тұрғын үйлер де кіретін, тұрғын үйлер берілетін болады. Тұрғын үй қорын арттыру, бюджеттік сала қызметкерлері үшін тұрғын үй құрылыстарын салу ауылдық елді мекендердің бейімділігінің өсуіне, ауылдық елді мекендерге жоғары білікті кадрларды тартуға әкелетін болады.

**Ауыл аумақтарының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету** Үстірт жазығындағы жерасты жарылысының зардаптары мен оның жағын ауылдық елді мекендерге әсері зерттелетін болады.

Әрбір аудан орталығында оба эпидемиясы мен басқа да инфекциялық ауруларды таратпау мақсатында оба мен басқа да жұқпалы аурудан өлген малды көмуге арналған өлексе көму орны салынатын болады.

Бейнеу селосында ірі тұрмыс қалдықтарын көмуге арналған алаң салынатын болады.

Осы шаралардың бәрі қауіпті және эпидемиологиялық ахуалдың пайда болуының алдын алады.

А у ы л а у м а қ т а р ы н д а м ы т у д ы ң  
А й м а қ т ы қ б а ғ д а р л а м а с ы н а

1-қосымша

**Ауыл аумақтардың дамуының әлеуметтік-экономикалық дамуын бағалаудың өлшемі**

Ж і к т е л у ф а к т о р л а р ы	Өлшем бірлі- гі	Ең жоғарғы мәні	Көрсеткіш тері
<b>I. Экономикалық әлеуеті 60</b>			
Топырақтың құнарлылығы	Бони- тет баллы	>45	12
		>25-45	7
		15-25	3
		<15	0
Өткізу рыногынан қашықтық дәре- жесі	АЕМ- нен аудан орталы ғына, т/ж стан-	<=20	9
		>20-60	6
		>60-100	3

	циясы-на, автомагистралдарға, жақын қалаларға дейінгі ара қашықтағы, км	>100	0
Кәсіпкерлік	100 тұрғынға шаққан шаруашылық	>5	5
белсенділігі *	субъектілері	3-5	4
		1-<3	2
		<1	0
Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта	Бар	>4	5
Өңдеудің дамуы		2-4	4
		1	2
	Жоқ	0	0
А / ш техникаларымен	1) 100 га егістікке қанша	>0,5	4
қамтамасыз етілуі *	трактор	0,4-0,5	3
		0,2-<0,4	2
		<0,2	0
			4

	2) 100 г а егісті кке қанша	>0,3	
	ком- байн	0,2-0,3	3
		0,1-<0.2	2
		<0,1	0
<b>Ирригация</b>			
Ирригация	Бар және пайдаланылады		7
жүйесін	Бар және пайдаланылмайды		3
пайдалану	жоқ		0
<b>Егістік *</b>			
Егістік *	Бір адам- ға, га	>5	7
		3-5	4
		1-<3	2
		<1	0
<b>Жайылым **</b>			
Жайылым **	Бір бас шартты	>0,3	7
	МІҚМ, га	0,2-0,3	4
		0,1-<0.2	2
		<0,1	0
<b>II. Инженерлік инфрақұрылымдар 30</b>			
Сумен жабдықтау	Су құбырларымен қамтамасыз етілген		7
	Жергілікті көздерді пайдаланады		5
	Суды ашық су қоймаларынан пайдаланады		3
	Тасымалданатын су		0
<b>Жол</b>			
Жол	Қатқыл табан- ды		7

	Грунт- т ы (қара жол)		3
	Дала- лык		0
Газбен қамту	Газдан дырыл- ған		3
	Газдан дырыл- маған		0
Электр энергиясы	Электр энергиясымен қамтамасыз етілген		7
	Электр энергиясымен қамтамасыз етілмеген		0
Байланыс	Байла- н ы с желісі бар		6
	Байла- н ы с желісі жоқ		0
<b>Ш . Әлеуметтік дамуы 10</b>			
Білім беру	Мектептің болуы және оның нормаға сәйкес келуі		3
	Мектептің болуы, бірақ нормаға сәйкес келмеуі		2
	Мекте- бі жоқ		0
Денсаулық сақтау	Мед. мекеменің болуы және нормаға сәйкес келуі		3
	Мед. мекеменің болуы, бірақ нормаға сәйкес келмеуі		2
	Мед. мекемесі жоқ		0

Тұрғын үймен қамтамасыз етілуі *	1 адамға тұрғын үй алаңының келуі м <sup>2</sup>	$\geq 15.6$ $< 15.6$	2 0
Жұмыспен қамтылуы *	100 еңбекке қабілетті адамның жұмыспен қамтылған саны	$\geq 93,5$ $< 93,5$	1 0
Кедейшілік *	EM 100 тұрғынға атаулы әлеуметтік көмек алатын адам саны	$\leq 13$ $> 13$	1 0
<b>VI . Экологиялық қауіпсіздігі мен ауыз суының болуы</b>			
Радиациялық фон	Мкр/сағ.	$< 33$ $> 33$	1 0
Топырақтың сортадануы	%	Әлсіз сортаңды Әлсіз сортаңды Күшті сортаңды	1 0,75 0,25 0



		Өте күшті сортаңды	
Судың сапасы	Судағы минералды тұз	1 дейін	1
	деңгейі (гр/литр)	1-2	0,75
		>2-3	0,25
		>3	0
Баллдары		Жиынтығы 100	
Жоғары дамыған ЕМ	әлеуетті	70 - 100	
Орта ЕМ	әлеуетті дамыған	35 - 69	
Әлсіз ЕМ	әлеуетті дамыған	1 - 34	
Даму әлеуеті жоқ ЕМ	Адамдардың өмір сүруі үшін қауіпті экологиялы ЕМ 0		

\* - орташа республикалық көрсеткішпен талдау факторының қатысы жолымен есептеледі

\*\* - жайылымның нормативтік жүктеме негізінде есептеледі - 3 бас МІҚМ 1 га.

Маңғыстау облыстық мәслихаттың  
2003 жылғы 10 желтоқсандағы N 2/21  
шешіміне 2 қосымша

*Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облыстық мәслихаттың 2005 жылғы 30 мамырдағы N 11/200 шешімімен.*

№	Ауданы	Ауылдық елді мекен	Эко-номикалық әлеуеті	Инженерлік инфрақұрылым	Әлеуметтік даму	Экологиясыз жиынтық балл	Радиациялық фон, мкр/сағ.	Көэф.	Топырақтық сортақдануы, %
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
41	Қаракия	Бостанқұм	15	15	0	30	9	1	0,2
1	Қаракия	Қызылсу	15	15	0	27	9	1	0,2

43	Қаракия	Төлеп	9	12	0	14	9	1	0,3
44	Маңғыстау	Тасмұрын	15	18	0	33	9	1	0,2
45	Ақтау қ.	Маңғыстау	16	34	7	53	9	1	0,2
46	Ақтау қ.	Қызылтөбе	16	28	6	50	9	1	0,2
47	Ақтау қ.	Бірлік	15	28	5	48	9	1	0,2
48	Ақтау қ.	Дәулет	15	28	5	48	9	1	0,2
49	Жаңа-өзен қ.	Қызылсай	13	28	5	48	9	1	0,3

### Кестенің жалғасы

Көэф.	Судың сапасы	Көэф.	Экология есебімен жиынтық балл	Халық саны
11	12	13	14	15
1	1	1	33	219
0,75	1	1	30	128
0,75	1	1	16,75	91
1	1	1	35,75	248
1	1	1	56	8500
1	1	1	53	8200
1	1	1	51	1500
1	1	1	51	2500
0,75	1	1	52,75	4400